**Әбу Насыр әл Фараби:**
*Бақыттың мәні - парасаттылықта!*

# ҰЛАҒАТ

***«Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Республикалық ғылыми-психологиялық және педагогикалық басылымы. Журнал екі айда бір рет 1994 жылдың шілде айынан бастап шығады.***

**ШІЛДЕ** **4** **ИЮЛЬ**

**ТАМЫЗ** **2013** **АВГУСТ**

***Республиканское научно-психологическое и педагогическое издание товарищества с ограниченной ответственностью «Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат». Журнал выходит один раз в два месяца с июля 1994 года.***

## *АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:*

***Зейнеп АХМЕТОВА, Бөлек АМАНБАЕВА, Мұзафар ӘЛІМБАЕВ, Өмірхан ӘБДИМАНҰЛЫ, Шәмша БЕРКІМБАЕВА, Қалдыбек БӨЛЕЕВ, Құбығұл ЖАРЫҚБАЕВ, Серғазы ҚАЛИЕВ, Жұмағали НАУРЫЗБАЕВ, Жарылқасын НҰСҚАБАЕВ, Жәмила НАМАЗБАЕВА, Сақыпжамал ҰЗАҚБАЕВА.***

# МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ


*Ғылым ғаламында*

**Ақылбек ШАЯХМЕТ.** Баспасөзде журналистік шеберліктің қалыптасуы....................3

**Үміт ШӘРІПОВА.** «Абай жолы» романындағы бірыңғай мүшелердің стильдік қызметі....................19

*Кеңесіне Тамыздың*
*Ой маржанын ағыздың...*

**Айсұлу ӨТЕПОВА.** Нұрсұлтан Назарбаевтың ақындық қыры мен өлең сөзге көзқарасы....................25

**Гүлсім ДҮЙСЕНБИЕВА.** Қазақ тілі сабағын әр түрлі әдіспен өту............32

**Гүлзада ҮСЕЙІНОВА.** Білім мен тәрбие – егіз....................38

**Анар ИБРАЕВА.** Өзіндік жұмыстар жүргізу арқылы оқушының тілін ұстарту....................47

**Мереке ӘБДІҒАЛИЕВА.** Мақал-мәтелдерді сабақта қолдану арқылы оқушының сөйлеу тілін жетілдіру....................52

*Ұстаздар ұсынысы*

**Ораз САТЫБАЛДИЕВ, Назира МЕКЕБАЙ.** Шектерді оқыту арқылы болашақ математика мұғалімдерін кәсіби жұмыстарға төселдіру....................58

*Колледж кеңістігінде*

**Жәудір НАҚЫСҚОЖАЕВА, Жұлдыз ЖҰМАБАЕВА, Лиза ӘЖІБЕК.** «Бар ізгілік білімменен алынар, Білімменен өмірге жол салынар»....................69

*Педагогикалық әдістеме: озық тәжірибе*

**Айгүл ТҰРАРБЕКҚЫЗЫ.** Тілді дамыту – ойды дамыту....................88

**Серғазы ӘБІЛМАЖАНОВ.** Жазба жұмыстарын алу әдістемесі....................92

**Жанар ТІЛЕУҚАБЫЛҚЫЗЫ.** Сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту....................99

*Әдеби кеш*

**Рахила НАРАЛИЕВА, Гүлсара НҰРЖІГІТОВА, Қарашаш ЕМБЕРГЕНОВА.** Тұмағаңның тұма жырлары – ел есінде....................114

*В мире педагогики*

**Бибинур КИСИКОВА.** Использование ролевых игр один из приемов повышения интересов студентов на занятиях иностранного языка....................118

**Лаззат ЕРСАРИНА.** Роль педагогического наследия Ы.Алтынсарина в развитии образования......129

*Балғындар базарында*

**Кенжегүл ИМАНБАЙ.** Тренинг: «Мен зерек баламын»....................139

*Оңаша ойға шомғанда*

**Әйгерім ҚАСЫМБЕКОВА.** Абай атама арнау. Семсер жырлы өр ақын....141

**Ақылбек ШАЯХМЕТ,**
**ҚМУ профессоры, жазушы.**

# БАСПАСӨЗДЕ ЖУРНАЛИСТІК ШЕБЕРЛІКТІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Газетті шығару үрдісі белгілі бір кезеңдерге, қоғамдық жағдайларға байланысты болса, қазақ басылымдары да осы жағдайды түгел бастан өткерді. 1905-1907 жж. революциялық оқиғалардан кейін қазақ қоғамының идеялық өмірі жандана түсті, үкіметтен тыс баспа органын ашу туралы мәселе көтеріле бастады.

1906 жылы 28 мамырда Ақтөбеде Мемлекеттік Думаға депутат сайлау кезінде қазақ тілінде журнал шығару мәселесі күн тәртібіне қойылды. Осы мақсат үшін қаржы жинауға және қазынашы қылып С.Иманшаловты тағайындауға шешім қабылданды. Алайда журналдың шығуы базаның жеткіліксіздігі және редакцияның мекені қай жерде орналасу қажет екені анықталмағанына байланысты кері шегеріле берді.

1908 жылы Орынборда Смағұл Иманшаловтың және Серәлі Ланинның басшылығымен абыройлы ақсақалдардың жаңа бас қосуы өткізіліп, онда халықтан жиналған қаржыға қазақ тілінде газет шығару ұйғарылды. Бірақ бұл игі бастама да аяқсыз қалды.

Осындай кеңестер Петербургте Мемлекеттік Дума мүшелері мен қазақ интеллигенциясы арасында

1905-1907 жылдары да өткізілді. Оларға  Москвада оқып жатқан қазақ студент жастары қатысты.

1907 жылы Мемлекеттік Дума депутаты Қосшығұлов  Петербургтегі татар баспасымен қазақтың «Серке» журналын шығару туралы келісті. Алайда, оның алғашқы санының өзі цензураға  өте сенімсіз болып көрінді де, оны басып шығаруға тыйым салынды. Дәл осы жылы Троицк қаласында «Қазақ газетінің» бірінші саны ( ақпан, 1906 ж.) қазақ және орыс тілдерінде жарық көрді. Ол «Киргизская газета» деп аталды. Оның бастамашылары, яғни, инициаторлары Е.Исмаилов, Ж.Андреев, Х.Сосновский, Есмұхамедов, Имантаев болды. Олардың арасында Мұхамеджан Серәлин да болған екен деген деректер бар.

Бұл газет те алғашқы журналдың кебін киді. Бірінші санынан кейін қайта шықпай қалды. Қазақ жастарының бір тобы «Дала» («Степь») газетін Томск қаласында шығармақ болды, ол да көпке ұзамай жабылып тынды. Уфада оқып жүрген студент қазақтар қолжазба «Садақ» журналының бірнеше санын шығарды. Мұндай бастамалар жер-жерде өріс алды.

ХХ ғасыр басында ұлттық баспасөз құру ұлттық жеңіске пара-пар еді. Бұл қозғалыс бірте-бірте күш ала бастады. Патша үкіметі империяның тағы шайқалып қалғанынан қатты қауіптеніп, қазақтың ұлттық баспасөз органын шығаруға рұқсат беруге мәжбүр болды, бірақ оған қатаң цензуралық бақылау орнатты. Осылайша ұлт тіліндегі кез келген материал ең алдымен қатал сұрыптаудан өтетін болды. Патша

үкіметінің қолайына жақпайтын материалдар алынып тасталды.

1905-1908 ж.ж. революциялық өрлеуді реакция алмастырып, ол өз кезегінде әлеуметтік текетірестерге орын берді. Демократия туралы патша манифесі, Мемлекеттік Дума төңірегіндегі күрес Россияны алғашқы дүниежүзілік соғысқа алып келді. «Храни царя и Отечество» ұраны кейін «Долой царя», «Хлеб и свободу народам» деген ұрандарға ұласты. Революциялық алғышарт (ситуация) пайда болып, ол көп ғасыр бойы туы жығылмаған патша режиміне қарсы бағытталды. Әлеуметтік теңсіздікке, адамды адам қанауға қарсы шайқас басталды. Бұл кездегі мерзімдік басылымдарда өлкедегі отарлау саясатының зардабы, өзгеше ойлайтындарға қысым жасау туралы материалдар жарияланды.

Қазақ мерзімдік басылымдарының негізін партиялар салған жоқ, олар әлі қалыптасып үлгермеген болатын. Сондықтан да олардың басым көпшілігі орыс және қазақ мәдениеттерінің тоғысында қазақ зиялыларының тікелей бастамасы арқасында пайда болды.

Патша үкіметі болса өздерінің саясатын жүзеге асыру үшін қазақтар арасындағы шенеуніктер тобын (кастасын) жасау әрекетіне кірісті. Жергілікті оқыған қазақтардың көпшілігі сол білімді қазақтардың арқасында өздерінің құқықтарын қорғамақшы болды.

Х1Х ғасырдың 80-ші жылдарында қазақ даласында еуропалық білімді меңгерген алғашқы қазақтар пайда болды, ХХ ғасырдың басында олардың саны жүзден асты. Петербург, Москва, Қазан, Томск қалаларында

білім алып жатқан  қазақ студенттерінің саны көбейе бастады.

Гимназияларды, орыс-қазақ училищелерін, мұғалімдер курстарын, болыстық және ауылдық қазақ мектептерін бітіргендер саны күрт өсіп, мектептерде орыс тілі міндетті түрде оқытыла бастады. Алайда орыс тілінде сауатты сөйлейтін және жаза білетіндер саны  онша көп емес болатын.

X1X ғасырдың аяғында, әсіресе, XX ғасыр басында европалық білім алғандар санының ұлғаюы қазақ қоғамында ерекше рөл атқарды және қоғам өміріне елеулі өзгерістер әкелді.

Алғашқы орыс революциясы қарсаңында қазақ қауымының көптеген саласында жаңа құбылыстар қалыптаса бастады. Россияның озық ойы санаға да әсер етті. Қала мәдениетіне үрке қараудан гөрі оны түсінуге талпыныс, жаңа экономикалық қарым-қатынастарды дамытуға ұмтылыс байқалды. Бірақ Россияның қазақ даласының  экономикалық өміріне ықпалы өте баяу болды.

Идеялық өмірге революция ерекше әсер етті. 1905-1907 жж.  революциядан кейін патриоттық сана-сезімі бар қазақ интеллигенциясы орыстар мен қазақтардың патша үкіметіне қарсы бірлескен күресі туралы сөз қозғай бастады.

Алғашқы орыс революциясы буржуазиялық-демократиялық болатын. Сондықтан да ол әлеуметтік теңдік, бостандық ұранын көтерді, феодалдық-монархиялық жүйеге қарсы шықты. Мұндай саяси талаптар түрлі ұлт өкілдерінің мақсат-мұратымен де сәйкес келді. Социал-демократиялық идеялар

Қазақстанда да құнарлы топырақ тапты. Маркстік идеялардың Россияда қанат жаюы Қазақ өлкесіне де ықпал жасады, лениншіл «Искра» газетінің сандары Петропавл, Көкшетау, Верный, Орал қалаларындағы үйірме мүшелері арасында таратылды. Қазақстанның кейбір марксистері газетпен қоян-қолтық байланыс жасап тұрды. Бұған «Искра» газетінің бетінде жарияланған Қазақстандағы кейбір жұмысшылардың ауыр жағдайы туралы жазылған материалдар айғақ бола алады. Орыс революциясы аяқталар тұста Қазақстанда большевиктік «Степная жизнь» газеті астыртын жарық көріп, оған В. Куйбышевтың өзі басшылық жасады.

Күн сайын жарыққа шығатын қоғамдық-саяси және әдеби басылым «Степная правда» газетінің алғашқы саны 1907 ж. 16 маусымында Петропавл қаласында басылып шықты. Газетке редактор-баспагер К.И.Геркулесов қол қойды. 18 және 19 маусымда газеттің тағы екі саны басылды, ал оның төртінші санына жергілікті басшылық тыйым салды.

«Степной край» (Омск, 1883-1905 жж.), «Тургайская газета» (Оренбург, 1895-1910 жж.) газеттері де ресми басылымдар болды. Осы кезеңде үкіметке қарсы және соғысқа қарсы бағытталған қазақ тіліндегі парақшалар шыға бастады. Ал осы кезеңдегі басылымдар қатарына «Киргизская газета» ( Троицк, 1906 ж. ақпан), «Урал» (1907 ж.) деп аталған алғашқы большевиктік газеттерді, сонымен бірге Қазақстандағы алғашқы кәсіподақ органы – «Трудовая жизнь» ( Семипалатинск, 1907 ж.) журналын жатқызуға болады.

«Серке» және «Қазақ газеті» сол уақытта айтарлықтай із қалдырды деп айту қиын. «Серке» 1907 ж. 28 наурызында татар газеті «Ульфаттың» қосымшасы есебінде басылды, ол Петербургте шығып келген еді. Газеттің бір саны жарыққа шыққаннан кейін оны үкімет жауып тастады. Газет редакторы Х.Ибрагимов, баспагері Ш.Қосшығұлов болды.

«Қазақ газеті» 1907 ж. наурызда Троицк қаласында жарық көрді. Газет редакторы– Хаим Шумов – Сосновский, баспагерлер – Жетпісбай Андреев пен Ешмұхамед Иманбаев.

Шешендер сөзінен бастау алған журналистік шеберлік жүре келе қалыптаса бастады. Орысша таза сөйлеп, мақала жаза алатын тілшілердің басым көпшілігі сол кезде қазақ тілін де шебер меңгерген, ана тілінің уызына жарыған адамдар болатын.

Қазақ тіліндегі алғашқы газеттердің кейбіреуі сол тұстағы «Туркестанские ведомости» және «Акмолинские областные ведомости» газеттерінің қосымшасы ретінде ғана басылды.

Қазақ халқының ұлы ағартушысы Ыбырай Алтынсаринның публицистикалық мұрасы да аса бай. Оған оның эпистолярлық мұраларын да жатқызуға болады. Өзінің жазған хаттарында ол ғылыми және әлеуметтік мәселелерді жиі көтереді. Қазақстанда XIX ғ. 50-60-шы жылдарында газеттер мен журналдардың болмауы хат жанрын өз ойларын білдіру үшін қолдануға мәжбүрледі. Эпистолярлық қызмет стиль ерекшелігін де көрсетеді. Әр сөзге үлкен мағына беріледі, сондықтан әрбір хаттың өзі әдеби шығарма болып есептеледі.

Н.Ильминский құрастырған «Алтынсарин туралы естеліктер» жинағында Ы.Алтынсаринның достарына (Н. И. Ильминскиге, В.В. Катеринскиге, В.В. Григорьевке), 1860-1889 жж. кезеңде жазған хаттары жарияланды. Ы. Алтынсаринның Н. И. Ильминскиге жазған хаттары айырықша зерттеуді қажет етеді. Онда көптеген әлеуметтік мәселелер тілге өзек болған.

Демократиялық және гуманистік ұстанымдар оқулықтар, көркем шығармалар және балаларға арналған туындыларды аудару кезінде ерекше назарға алынды.

Қазақ халқының өмірінде айырықша орын алатын XIX ғ. екінші жартысында жарық көрген «Қырғыз хрестоматиясы» аудармалардан, өлеңдер мен мақалалардан құралған. 1879 ж. 2 желтоқсанында бұл шығарма «Оренбургский листокта» жарияланды.

Ы.Алтынсаринның журналистік талантының көрінуіне кезінде қолайлы жағдайлар болмады. Ол кезде қазақ даласында бірде-бір баспахана болған жоқ. Газеттер шығару да жүзеге аспады. Сондықтан да «Қырғыз хрестоматиясы» Алтынсаринға газет және журнал беттеріне айналды. Халыққа деген пікірді жеткізудің осы жалғыз ғана мүмкіндігін ол асқан шеберлікпен пайдаланды.

«Қырғыз хрестоматиясында» жанрлық ерекшеліктер тайға таңба басқандай көрінеді. Онда сонымен бірге кітап бастырудың түрлі себеп-салдарлары да анық аңғарылады. «Қырғыз хрестоматиясы» мектепте оқуға арналды.

Автордың оқу-әдістемелік, педагогикалық дидак-

тикасы хрестоматияда әлеуметтік публицистика деңгейіне дейін көтеріледі, Ыбырай Алтынсарин мектептегі тәрбиелік міндеттерді шешу мүддесінен де жоғары көтеріліп, жалпыхалықтық мәселелерді қояды.

«Қырғыз хрестоматиясы» қазақ публицистикасының бір көрінісі десек, онда өткен ғасырдың соңындағы қазақ қоғамындағы қарама-қайшылықтар, қазақтардың көшпенді өмір салтынан отырықшылыққа көшуі, диқаншылықпен айналысуы, өнер мен ғылымға бет бұру қажеттілігі көрініс тапқан. Алтынсариннның аталған хрестоматияда Ізбасты бидің, тағы басқа шешендердің сөздерін мысалға келтіруі де оның байырғы сөз өнеріне деген құрметін көрсетеді.

Публицистикалық қызметті өрістетуге оның өзі шығуына қатты қолдау жасаған 1873 жылдан шыға бастаған «Оренбургский листок» газеті (Орынбор өлкесінің апталық газеті) үлкен ықпал жасады. Реакциялық-монархтық баспасөзге қарағанда, бұл газет жергілікті тұрмысты көрсетуге маңыз аударды. «Оренбургский листоктың» очерктері арасында «за подписью И.А.» деп қол қойылған публицистикалық очерктер батылдығымен, халық қасіретін көрсете білуімен, терең мазмұнымен ерекшеленді.

Алтынсарин көп мақаласында инициалдарын ғана көрсеткені қалай деген заңды сұрақ туады. Ол біраз уақыт «Оренбургский листок» газетіне мүлде жазбай қойды. 1881-1882 ж. оның туындылары қайтадан жарық көре бастады. Бірақ, тұрақты түрде емес, ара-тұра ғана басылып жүрді.

Торғай облысы халықтық училищелері инспекторы қызметін атқарған қазақ ағартушысының журналистік қызметі губернатор мен патша шенеуніктері тарапынан қолдау таба қоймағанын түсінуге болады. Оның «Оренбургский листок» газетіндегі жарияланымдары қазақ даласының әдеби және мәдени өміріндегі ерекше құбылыс болды. Х1Х ғасыр аяғында Ыбырайдың көптеген мақалалары Россияның басқа да басылымдарында жарық көрді.

«Түркістан уалаятының газеті» 12 жыл бойы, 1882 жылға дейін шығып тұрды, ол қазақ халқының ұлттық мұрасына қосылған баға жетпес үлес болды. Газеттің ресми емес бөлімінде тарих, мәдениет, әдебиетке, этнографияға, әлем халықтарының географиялық және экономикалық жағдайларына арналған материалдар басылып тұрды. Қазақтар тұңғыш рет өздерінің ана тілінде әлем халықтарының орналасуы, Түркістан жұртшылығының жағдайы туралы материалдармен танысу мүмкіндігіне ие болды. Газетте  Ақмола, Торғай облыстары, Бөкей Ордасы (қазір Батыс  Қазақстанның сыртында қалған және Астрахань, Самар губернияларымен қатар Россияның аудандарына іргелес орналасқан мекендер) тұрғындарының өміріне, тұрмысына және мәдениетіне арналған материалдар басылды.

«Түркістан уалаятының газеті»  қазақтар мен өзбектердің революцияға дейінгі кезеңдегі аса маңызды тарихи құжаты болып табылады, ол Қазақстанда, сонымен бірге Өзбекстанда тұңғыш баспасөз негізін қалады. Газет елдің ішкі-сыртқы жағдайы, сауда мен отырықшылық мәселелері, мал

шаруашылығы, оқу-ағарту саласы, әдебиет пен өнерге байланысты мәселелер көтеріп, олардың барлығына қызу үн қосып отырды.

«Түркістан уалаятының газеті» қазақ оқырмандарын әлемдік ғылым, әдебиет пен мәдениеттің озық үлгілерімен таныстырып отырды. Онда қазақ халқының ұлы ғалымы Шоқан Уәлиханов туралы алғашқы жарияланымдар жарық көрді. Этнография, археология, статистика және Түркістандағы мәдени өмір, қазақтардың Орта Азияның басқа халықтарымен тығыз қарым-қатынасы, байланыстары туралы жан-жақты мағлұматтар берілді.

Газет қазақ әдеби тілін қалыптастыруда айырықша орын алады. «Түркістан газеті» тұңғыш рет арабтың «Мың бір түн» ертегілерін қазақ тіліне аударып, жариялады, Россия мемлекеті шежіресінің материалдарын, әлем халықтарының шығармашылығының түрлі үлгілерін басты.

«Дала уалаяты» газетінде де жергілікті жаңалықтарға үнемі орын беріліп, қазақтың мақал-мәтелдері жарияланып тұрды. Сонымен бірге қазақтарға билер соты қажет пе деген сауалға жауап іздестіріліп, сол тұстағы билер соты мен орыс соты салыстырылды. Қазақтардың дала демократиясы жағдайындағы билер дауы жан-жақты суреттеліп, олардың құқықтары мен міндеттері айтылды.

Қазақтың мерзімді басылымдарының алғашқы қарлығаштары туралы зерттеуші ғалым С.Исаев былай дейді: «…Әуелгі кезде мерзімді баспасөз тілі жазба әдеби тілдің өзіндік ерекшеліктері орныққан нормалары бар жүйелі тілдік өрнектерімен

публицистикалық мазмұны сай сөз тігісімен сипатталатын тұрақты көрініс ретінде бірден қалыптасып кете алмады. Біздің байқауымызша, оның басты себебі, революциядан бұрынғы газет-журнал шығару ісінің тарихы онша терең, мерзімі ұзақ болмауында ғана емес, сонымен бірге сол мәселені, жалпы баспа ісінің қазақ қауымы үшін жаңалық болуымен, баспа ісінің көршілес татар, башқұрт, өзбек халықтары өкілдерімен тығыз қарым-қатынаста болуымен және маман да сауатты журналистердің жетіспеуімен тікелей байланысты».

Б.Әбілқасымов алғашқы қазақ газеттерінің бағдарламалары туралы айта келіп: «Ол программа бойынша газет жоғары ұлықтардың қазақ даласына қатысты бұйрық-жарлықтарымен қазақтарды таныстырып тұруға, сондай-ақ олардың арасына елдің табиғаты, тұрмысы, шаруашылық жайы туралы хабарларды таратуға тиісті болғанын тілге тиек етеді. Патша үкіметі сөз жүзінде осылай дей тұрса да, іс жүзінде қазақ халқын ағартуды тіпті де көксеген жоқ. Шын мәнінде оның көздегені – үкімет жарлықтарын ана тілінде тарату арқылы оны сөзсіз орындатуды қамтамасыз ету, жергілікті халықтарды басқаруды жеңілдету, қазақтың артта қалған патриархалды шаруашылығын біраз ілгері көтеріп, оны патша үкіметінің шикізат жөніндегі қажетін өтейтін дәрежеге жеткізу, сондай-ақ қазақтың өз тілін дамытып отырып, сол кездің өзінде «патша үкіметінің орыстандыру саясатына зиянын тигізе бастаған шағатай, түрік, татар тілдерінің ықпалына қарсы күресу болды. Сөйтіп өзінің отаршылдық

саясатын одан әрі күшейте беру мақсатын ұстады»,– дейді.

Ахмет Байтұрсынұлы секілді ұлт зиялыларының алғашқы мақалалары прогрессивті бағытта шыға бастаған «Айқап» журналында жарық көру мүмкіндігіне ие болды.Оған қазақтың тұңғыш журналистерінің бірі болған М.Серәлиннің игі әсері болғаны даусыз.

Журналдың шығу тарихы әріден басталады.1910 ж. патша үкіметі М. Серәлиннің журнал шығару туралы өтінішіне қол қойды және журналды шығаруға рұқсат берді. 1911 ж. қаңтар айында Троицк қаласында қазақ тарихындағы алғашқы журнал – «Айқап» жарыққа шықты, сол жылдың 16 наурызында «Қазақстан» газетінің алғашқы саны жарияланды. Ол орыс және қазақ тілдерінде басылды.

Мұхамеджан Серәлин журналдың редакторы ғана емес, оның алғашқы ұйымдастырушысы, дем берушісі, идеялық жетекшісі болды. Журналдың жарық көруі үлкен серпіліс туғызады. Өйткені қазақ қоғамында бұрын-соңды мұндай идея жүзеге аспаған еді.

**Мұхамеджан Серәлин «Айқап» журналының оқырмандарына арнауында: «**Журналға «Айқап» деп есім бердік. Бұл сөзге түсінген де бар, түсінбеген де табылар. Біздің қазақтың «Әй, қап» демейтұғын қай ісі бар?! Газет шығармақшы болдық, қолымыздан келмеді. Пұлы барларымыз ынтымақтаса алмадық. Пұлы жоқтарымыз ынтымақтассақ та, ақшасыз істің жөні табылмады. «Қап, пұлдың жоқтығы, қолдың қысқалығы-ай» дедік. Жақсы жерлерімізді

қолда сақтар үшін қала салмақ болдық. Басымыз қосылмады. Қолайлы жерлер қолдан кетті. «Қап!», ынтымақсыздығымыз-ай дедік. Болыс, би, ауылнай боламыз деп таластық, қырылыстық. Жеңілгеніміз жеңген жағымызға, «ендігі сайлауда көрерміз, қап, бәлем-ай!» дедік. Осындай біздің қазақтың бірнеше жерде «қап» деп қапы қалған істері көп. «Қап» дегізген қапияда өткен істеріміз көп болған соң журналымыз өкінішімізге лайық «Айқап» болды» – деп ағынан жарылды.

Осы беташар сөздің өзі кәдуілгі журналдық немесе газеттік стильден көрі шешендік үлгілерге жақын. Тіпті, ауызекі сөйлеу мәнері анық байқалады. «Айқап» аты кейінірек «Қазақ тілі» қоғамының Орынбор облысында шығатын газетіне берілді. «Әй, қап!» деген сөзді қазақ журналистері «Әй, қап!» – деп сан соғып, өкініп қалмайық» секілді тақырыптарда пайдаланды. М.Серәлиннің «Топжарған» поэмасының атауы да журналистиканың спорт саласында жиі айтылатын атауға айналды.

Россияның XX ғ. басындағы саяси өмірінде Мемлекеттік дума үлкен рөл атқарды, ол елдің ең жоғарғы демократиялық институты болып есептелді. Бірақ аталған Дума император сенімін ақтамады, сонымен бірге Россия самодержавиясының және оның әлеуметтік-саяси жүйесінің асқынып тұрған, тіпті, іріңге айналған жараларын ашып берді.

Мемлекеттік думаға байланысты мәселелерді «Айқап» жиі қозғады, бірақ, аса батылдық таныта алмады. Ол нақты шаралар ретінде Петербург және Москва газеттеріне орысша білетін қазақтар осы

туралы арнаулы мақала жазып, сонымен бір уақытта Думаға өкілдер жіберу қажет деп есептеді. Халықтың сөзін осылайша үкімет құлағына жеткізуге болады деген ойда болды.

М.Серәлин ұлттық шеткері аймақтарға патша үкіметінің көзқарастары мен ұстанған саясаты туралы мақалаларында өз ойын үнемі ашық білдіріп отырды, олардың барлығы да цензура сүзгісінен өткізіліп тұрған «Айқап» журналында жарияланды, сондықтан оның сыны өте батыл болды деп айтуға толық негіз бар. Бірақ, Серәлин журналды сақтап қалу үшін ауылдағы тап тартысы, жер мәселесіне көзқарас туралы ойларын, көбінесе, ашық айта алмады. 1905-1915 жылдар аралығында жазған өлеңдерінде М.Серәлин осы мәселелерді айналып өтпейді. Жыр тілімен өз ойын білдіреді. Мұның өзі оның публицистикалық сарынды өлеңде қолданғанын көрсетеді.

Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбайұлы секілді ағартушылар қызметі және оқу-ағарту қозғалысы арқасында қазақ даласында жаңа мектептер, үйде білім беретін бастауыш мектептер, мешіттер жанында медіресе-мектептер ашыла бастауы арқасында М.Серәлинге дейін де осы идея жүзеге аса бастаған болатын.

М.Серәлин орыс тілін жақсы меңгеруге шақырды. Ыбырай Алтынсариннның қазақ даласына сепкен білім ұрығы ол қайтыс болғаннан кейін лайықты жалғасын тауып, өнбей жатыр деп қынжылды. «1914 жылдың 17 шілдесінде алтын басты Ы.Алтынсариннның қайтыс болғанына 25 жыл толды.

Оның қазақ халқына жасаған қызметі орасан зор. Ал оны еске алған қазақтар болды ма екен? Жоқ! Шамасы, мәдениетті халықтар қатарына қосылу бізге әлі алыс болуы керек», – деп жазды. «Біз басқа халықтардан артта қалмауымыз керек. Қазақ жастары профессорлық лауазым туралы да ойлануы керек», – деді. Серәлиннің отырықшылыққа көшу, кәсіп меңгеру, орыс тілін игеру секілді ойлары күні бүгін де маңызын жойған жоқ.

Журналдың алқасында атақты ақын Әкірам Ғалымов, сол кездегі танымал журналист Мұхамедсәлім Кәшімов, белгілі демократ ақын Сұлтанмахмұт Торыайғыров болды. «Айқапта» жаңағы аттары аталған ақындармен қатар Мағжан Жұмабаевтың, Сәбит Дөнентаевтың, Сәкен Сейфуллиннің, Бейімбет Майлиннің, Тайыр Жомартбаевтың, Міржақып Дулатовтың, Қошке Кемеңгеровтің, Ахмет Мәметовтің, Мұстақым Малдыбаевтың, Кенжеғали Ғабдуллиннің, Самат Әбішевтің, Байбатыр Ержановтың және басқа таланттардың тырнақалды туындылары жарық көрді. Ә.Фирдоусидің «Шахнамасынан» үзінділер, жазушы Лихановтың «Манап» драмасы, И.Крыловтың, М. Лермонтовтың, А.Пушкиннің, А.Чеховтың, А.Сорокиннің шығармалары қазақ тіліне аударылып басылды. Міне, дәл осы қаламгерлер журнал бетіндегі шеберлік үлгілерінің тұңғыш авторлары, шеберлік дәстүрінің журналдағы алғашқы қарлығаштары болды.

Журналдың алғашқы санында жарық көрген Ахмет Байтұрсынұлының: «Қазақтың өкпесі»

мақаласы «Дүнияда ерге теңдік, кемге кеңдік, азды көпке теңгеретін ғылым мен өнерді, елсізді елдіге теңгеретін, жоқты барға теңгеретін ғылым мен өнерді керек қылатын қазақ аз. Теңдікке қолы қалай жетсін? Қатерлі жерде қаперсіз отырдық. Өзімізге өкпелемесек, өзгеге өкпелер бет жоқ» деген бағдарламалық алғысөзіне жапсарлас айтылған көптеген сөйлемдері кейін фразеологиялық сөз тіркестеріне, қанатты сөздерге айналды.

Мысалы:

«Біздің заманымыз – өткен заманның баласы, келер заманның атасы»;

«Талап жоқ, үміт мол бір халықпыз»;

«Еңбексіз егін шықпайды, терлесең, терің тегін қалмайды»;

«Телміріп алған теңгеден тер сіңірген тиын жұғымды»;

«Ата жолдасы – надандық»;

«Өзгеге өкпелер бет жоқ»;

«Білімі көп адам құралы көп ұста сықылды»;

«Сайлау талас емес»;

«Жаман іс әркімнің қолынан келеді, жақсы іс қолдан келуі қиын»;

«Женген ит жеңілген итті қалай талайды»;

«Іріңін, шірігін сүрткенмен, тұқымы жоғалмай, ауру кетпейді».

Бұл 3-4 беттік бір ғана мақаладан алынған сөздер. Ахмет Байтұрсынұлы шығармашылығын одан әрі қазбалап, терең зерттеп, оқитын болсақ, осындай қанатты сөздер, ойлы тіркестер молынан ұшырасады.

*(Жалғасы бар)*.

**Үміт ШӘРІПОВА,**
**Мұхтар Әуезов атындағы**
**педагогикалық колледж**
**оқытушысы.**
Семей қаласы.

# "АБАЙ ЖОЛЫ" РОМАНЫНДАҒЫ БІРЫҢҒАЙ МҮШЕЛЕРДІҢ СТИЛЬДІК ҚЫЗМЕТІ

Әдеби тіліміздің, оның стильдік тармақтарының өсіп-жетілуіне үлкен үлес қосқан, көркем сөз шебері – Мұхтар Әуезовтің орыны айырықша. Жазушы халық тілінің бар мүмкіндігін пайдалана отырып, оны барынша шыңдай түсті. Әуезов шығармаларында кездесетін экспрессивті-эмоциялы сөздердің дені – сөйлемнің бірыңғай мүшелері.

Белгілі бір шығармада бірыңғай мүшелердің қолданылу тәсілдері автордың айтайын деген ойына, сол ойды білдіру амалына, тілінің шеберлігіне, шығарманың жалпы стилі мен мазмұнына байланысты болып келеді.

Көркем шығарманың тілін сөз еткенде оның таза лингвистикалық құрылысын ғана сөз ету жеткіліксіз, өйткені көркем шығарма тек қатынас құралы ғана емес, көріктеу құралы, халыққа эстетикалық тәрбие берудің де құралы. Көркем шығармалар стилінде әрбір тілдік құрал белгілі бір образ жасауда белгілі бір қызмет атқаратыны белгілі. Ал көркем

сөз шеберлері ойды образды түрде, бейнелеу, мәнерлеу түрінде беруге тырысады. Ондайда көркем әдебиеттегі көріктегіш құрал, сөйлемге экспрессивті өң, эмоциялық әр беретін стилистикалық амалдың бірі – бірыңғай мүшелер. Мұндай тілдік құралдар шығарманың идеялық мазмұнын, көркемдік ерекшелігін аша түсуде, айқындай түсуде маңызды рөл атқарады. Өйткені олар көркемдік мақсатта жұмсалады, ойға стильдік өң береді.

Жазушы үшін сөз, жалпы алғанда, көркем ойды көріктеу материалы, ал бірыңғай мүшелер – сол кестелі ойды айшықтай, саралай, нақтылай түсудің ұтымды амалдарының бірі.

Әдеби тіліміздің синтаксистік құрылымын жетілдіруде, тіл байлығын дамыта түсуде М.Әуезовтің көркем шығармалары зор әсер еткендігі белгілі. Синтаксистік категорияларды жетілдіруде ақын-жазушылардың жеке өздеріне тән жалқы, өзіндік ерекшеліктері, тек өзі көбірек қолданатын негізгі амал-тәсілдері болады. Бұл салада көп ізденіп, әр түрлі тәсіл қолданған көркем сөз шебері – М.Әуезов. Жазушы өз шығармаларында сөйлемде ерекше назар аударылған сөздердің мағыналарын саралап, нақтылай, оны жан-жақты толықтыра түсу үшін сөйлемнің бірыңғай мүшелерін жиірек қолданады.

М.Әуезов тілінің синтаксистік құрылысы күрделі, алуан түрлі болып келеді. Айтайын деген ойының кеңдігіне, тереңдігіне қарай сөйлем құрылысын да құбылтып, өзгертіп отырады. Мысалы, автор көп мүшелі бірыңғайларды, көбінесе, кейіпкер портретін, характерін жасауда, табиғат құбылыстарының ерекше

белгілерін санамалап көрсету үшін, көріктегіш құрал ретінде шебер пайдаланады: Ол жасы отыздың ішіне толық кірген, кең жайылған қара сақалды, зор ашық маңдайлы, қасқа бастау келген, қайратты, дана пішінді Михайлов болатын.

Күз аспаны күңгірт, бұлыңғыр. Ауада дымқыл сыз бар. Таң салқыны қазір күздің суық желіне айналған. Маңайда қызарып, солған қурайлар көп көрінеді. Бүрінен айырылған тобылғы да қуқыл реңді. Ұзарып сорайған селеу мен бозғыл көде, жусан – бәрі де жел лебінен қалтырайды. Бас шұлғып елбек қағады. Қара жел қуған қаңбақ кең жазықта көп бұлыңдап, тынымсыз кезіп, жосып өтеді.

Бірінші сөйлемде автор Михайлов портретін оқушының көз алдына елестететіндей толық, бейнелі суреттеу үшін сөйлемнің бірыңғай мүшелерін шебер қолданса, екінші сөйлемде жазушы өзінің әсер алып, сезінген объектісі жылдың төрт мезгілінің бірі – күзгі табиғаттың көрінісін әсем суреттеген. Оның әр бояуы құбылып, түрлі рең беріп көз тартады. Табиғат әлемінің көп бояу, күрделі болмысы тегіс қамтылып, сөйлемнің бірыңғай мүшелер арқылы беріліп тұр.

Мазмұны мен формасы бір-біріне сай жаңа стиль жасау үшін жазушы көптеген фразалық тіркестерді де орынды қалыптастыра білді. Мысалы, Барлық Ырғызбай Дәркембайды содан бері көзге түрткі ғып, шетке қағып, қырына ала беретін.

Автор өз шығармаларын мәнерлеп көркемдеу үшін бірыңғай баяндауыштардың икемділігін, орамдылығын, бейнелілігін, көркемдігін мол пайдаланды. Соның арқасында шығармаларында

баяндау,оқиғаның дамуы ширақ, айырықша қарқынды, екпінді, тез өзгермелі болып келеді.

М.Әуезов белгілі бір оқиғаны, құбылысты суреттегенде, оны толық, жан-жақты көрсету үшін әр түрлі мағыналық бояуы бар бір ұялас синоним сөздерден бірыңғай мүшелер қатарын тізеді: Ай астында ақ үйлер де мызғып, қалғып тұр. Күн түске жетпей-ақ Бақанас басы қайнап, шыжып кетті. Көзін бір рет қырын тастап еді, жұрт тегіс аңырып, дағдарып қалыпты.

«Мызғу мен қалғу», «қайнау мен шыжу», «аңыру мен дағдару» сөздері өзара синонимдес әрі эмоционалды, мәнді. Бұлардың соңғылары алдыңғыларының мағынасын арттырып, толықтыра түсумен қатар реңділігін де күшейтіп тұр. «Абай жолы» романында көп кедесетіні – бірыңғай баяндауыштардың етістік синонимдерден келген түрі: Үлкендер көреген, танығыш, сыншы ғой. Зеренің дана жүзіне мүлгіп, жүдеп қадалып отырды.

Бірыңғай мүшелерді бұлай қолдану нәтижесінде автор сөйлем ішінде бір сөзбен айтып жеткізе алмайтын елеусіз, нәзік мағыналарды сол сөзге мәндес екінші, үшінші, т.б. сөздер арқылы толықтырып, айтайын деген ойын айқын, толымды, мәнерлі етіп жеткізеді. Синонимдес етістіктерден тұрған бірыңғай баяндауыштар кейде өз алдына жеке сөйлем де болып келеді. Мұндай бірыңғай баяндауыштар бүкіл бір күрделі ойды қорытындылап тұрады да, экспрессивтік-эмоциялық бояуы қалың, әсерлі леп береді: Түтігіп, ыза кернеп, булығып келген кісілер. Жабыларсың, таларсың да жерсің.

Бұл сөйлемде ой қысқа, айқын, жігерлі, аз сөзбен көп мағына беріліп тұр. Ойдың үзілді-кесілді айтылғанын, басқа шешім болу мүмкін еместігін аңғартады.

Жазушы шығармасында бірыңғай баяндауыштарды стильдік қызметте қолдануда ерекше көзге түсетін жай – кейіпкерлердің мінез-құлқына, қимыл-әрекетіне байланысты суреттерді етістіктің көсемшелі тұлғасы арқылы беруі: Құнанбай бұған қатты зәрленіп, оттай күйіп, шуланып кетті. Ауылдың түтіні будақтап, қой-қозысы шұбырып, бықып жатыр.

Бірыңғай мүшелер – жазушының кейіпкер портретін, табиғат көрінісін суреттеуде жиі қолданатын амалы. Кейіпкер портретін жасау үшін, заттың не табиғат құбылысының ерекше белгілерін санамалап көрсету үшін бірыңғай анықтауыштардың көркемдік қызметі өте күшті. Олар көріктегіш, әсем эпитеттер қызметінде жұмсалады. Бұл синтаксистік категорияны өз шығармаларында кейіпкер портретін жасауда, табиғат көрінісін суреттеуде өте шебер және жиі пайдаланған жазушы – Мұхтар Әуезов. Сөз ажарын көркейтуде, ойды кемеліне келтіруде жазушы эмоциялы-экспрессивті эпитеттердің тың, тосын тіркестерін бірыңғай мүшелер ретінде қолданады. Мысалы: Ол – жаланған ер, жалындаған ақын, салтанатты сал Сырым. Базаралы мен Дәркембай екеуі бірдей өр және көңілі жүйрік адамдар. Көнетоз, жыртық киімдерімен бір азап дүниесінен келгендей. Өйшең пысық, елгезек және сергек жігіттер.

Жазушы бірыңғай анықтауыштар арқылы өз кейіпкерлерінің тек сырт пішінін ғана емес, сонымен қатар олардың ішкі жан-дүниесін де айқын суреттеуге шебер.

«Әуезов пейзажы – бай палитраның түрлі-түсті бояуларымен келістіре салынған сурет қана емес, шынында да, құдды жанды адам: дем алады, қозғалады, жадырайды, күледі, жылайды – дәл адамша әрекет етеді» деген академик З.Қабдоловтың тұжырымы осындайдан туындаса керек.

«Абай жолы» роман-эпопеясында табиғат пен адам портретін жасауда М.Әуезов бірыңғай мүшелерді шебер қолдана отырып, сұлу сөздерден салынған әсем көріністер арқылы шығармаға жан бітіріп қоя береді. Бірыңғай мүшелерді қолдану арқылы шығарманың шырайын енгізіп, әрлендіріп отыратын көріністер романда көп-ақ.

Жазушы табиғат суретін беруде де өзін үлкен суретші ретінде көрсетеді. М.Әуезов суреттеуіндегі табиғат көрінісі оқушыны дәуір тынысы мен адам психологиясына жетектеп апаратын көркемдік құрал есебінде пайдаланып отырады.

М.Әуезов – қазақ тілінің мол байлығын жете меңгеріп, оны шығарманың көркемдік сапасын арттырудың мықты құралы ете білген жазушы. Жазушының шеберлігі – оның сөз байлығымен ғана емес, сол байлықты өз шығармасында пайдалану шеберлігімен де өлшенеді.

**Айсұлу ӨТЕПОВА,**
**Орал қаласындағы**
**№25 орта мектептің**
**қазақ тілі мен әдебиеті**
**пәнінің мұғалімі.**

# НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ АҚЫНДЫҚ ҚЫРЫ МЕН ӨЛЕҢ СӨЗГЕ КӨЗҚАРАСЫ

Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев ел басшысы ретіндегі ғажайып қажыр-қайраты мен ел ісіне бел шеше кіріскен зор жауапкершілігін көрсетіп қана қоймай, өз жанынан өлең де шығаратын шығармашылық иесі екенін танытып келеді. Елбасын әдебиет әлемінің айшықты жанры – поэзияда өзіндік орыны бар жырларымен көпшілікті елең еткізген ақынжанды ұлдарының бірі деп айтуға болады.

Н.Ә.Назарбаев поэзиясының көркемдік қуатын, ақындық шеберлігін өз уақытында тап басып танып, бағасын берген қызметтес болып жүрген М.Жолдасбеков: «Нұрсұлтан Әбішұлының өлең-жырға деген құрметі шексіз. Қазақтың маңдайына біткен ақындарының көпшілігінің белгілі деген өлеңдерін жатқа айтқанда, тіптен таң қаласың. Ара-

тұра өзі де қағаз бетіне үніліп, іштен шыққан көңіл-күй сезімдерін жырға айналдыратынын көп қазақ білмейді,- десе, Елбасы аппаратының баспасөз хатшысы Сейітқазы Матаев «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбатында: «Елбасы – туған тілінің қайнарынан сусындаған, халқының ән-жырының құндағында өскен, әннің қанатында,Үшқоңырдай биік жайлаудың төсінде, ақындық пен батырлықтың елінде түлеген тұлға. Сондықтан да Елбасының бойында туған топырағынан дарыған ақындық қасиет бар»,- деген-ді.

Көз жүгіртіп көрелік: ***«Көз құмарын суардым», «Әз жұртым – әнім», «Отан – ана», Перзент үні», «Өзім үшін саспаймын», «Оңаша қалып ойыммен»*** өлеңдері ерекше көзге түседі. Тақырыбына қарай Н.Назарбаев лирикасының жағрапиялық ендігі жазба әдебиетке тән саяси-әлеуметтік лирика, философиялық лирика, көңіл-күй, табиғат, махаббат, т.б. тақырып түрлерін қамтиды. Алайда ақын поэзиясында азаматтық лириканың орыны бөлек.

Н.Ә.Назарбаевтың өлеңдері оның өз басының тіршілігімен, өзі арқылы бүкіл елінің, халқының өмірімен, сол негізде бүкіл адамзаттың арман-мүддесімен біте қайнасып жатады. Елбасы ойлары мен қуанышы, оның жүрегін жайлаған мұң-сарыны оның жеке басын күйттеуден тумайды, бүгінгі дәуірде жалпы адамға, адамзатқа тән шындықтан туады. Осылардың бәрін өлеңіне сыйғыза отырып, ақын ретінде заман үнін бүгінге арнайды, келешек ұрпаққа жеткізеді. Ол – туған жер, өскен еліне шынайы ой-арманымен, қалтқысыз көңілі, ақаусыз дарынымен

танылған адал азамат.

Отан – Ана!
От бердің жүрегіме,
Риза боп қараймын гүл-өңіне.
Бабаларым сомдаған бағзы бейнең
Тәуелсіз боп түрленді,
Түледі де!
Менде қандай арман бар,
Асыл Ана,
Жарай алсам халқымның тірегіне?!

Осы бір өлеңінде бүкіл ақындық болмысы анық көрінеді. Ең алдымен, бұдан біз оның туған еліне, Отанына деген шексіз сүйіспеншілігі мен мойынына алған азапты  жолындағы алдына қойған арман-мақсатын көріп -танимыз.

Өзім үшін саспаймын,
Аспаймын да,
Таспаймын.
Халқым аман болса екен,
Сол ғой – менің бас қайғым.

Тыныш ұйықтап, айды құшса қуанып, алтын көрсе көңілі көтерілетін сезім оған жат. Ол өз басының қызығын күйттемейді, әлемнің мұңы мен әніне құлақ тосады.

Жетпіс жыл жүріп өткен даңғыл ма еді, сан асуға.
Зердеме өрнектеді сан қыр нені?
Туған жер,
Өскен ел мен замана боп,
Сүйеді қолтығымнан тағдыр мені.
Осындай менің сыбағам,

Сеніммен қолға ту алам,
Сүрінбей сыннан шыға алам.
Халқыммен бірге қайысып,
Халқыммен бірге қуанам!

Осының бәрін өз тағдырым деп түсінеді, оны мойындайды, басқаның бақытына ұқсамайтын өз бақытын мақтан тұтады.

Ақиқат өмірдің алуан бедерін сөз етуде сезімнен алшақтамау, үсті-үстіне қалыңдатып бояумен баттастырмау да – үлкен өнер. Ал біз Елбасы шығармаларынан бұндай қисынсыз дүниелерді мүлдем көрмейміз. Құрғақ айқайды, сылдыр сөзді, жөнсіз жарқырауды жек көретін, бар ынтасы істе, еңбекте, еңбегі жемісті, жемісінің дәмі тәтті Н.Әбішұлының ой-өрісінің кеңдігі, қалам құлашының екпінділігі, сөз кестесінің жібектей орамдылығымен көрінеді:

Қазақ үшін кең жайлау,
Дұрысында,
Рахаты өмірдің –
Ырысында.
Саф алуан сарайың сайрай беріп,
Ашылады айырықша тынысың да,- деп, туған жер табиғатын сүйсіне жырлайды.

Қай ақынның болмасын, өмірінің түп қазығы – туған жері – алғашқы жарығы, алғашқы жыры. Н.Әбішұлының туған жерін тебірене, төгіле жырлаған өлеңдерінде ол нағыз лирик, сыршыл суреткер тұғырынан көрінеді. Туған жердің беймаза тірлігін қымбат санаған ақын:

Бабамның қаны, анамның жасы
Сіңген бұл далам, қымбатсың маған.
Береке-бірлік – қамалдың басы,
Ұрпаққа мәңгі тіл қатшы, далам! – деп, туған жерінің ажарын әлемнің жеті кереметінен де жоғары қояды...

Н.Ә.Назарбаевтың қаламынан туған ***«Жан шуағы»*** атты өлең кітабы оқырман қолына тиіп, рухани азыққа айналса да әдебиеттанушы мамандар тарапынан зерттеу ісі кештеу қалып келеді.

Елбасы өлеңдерінің шығу тарихы туралы естеліктерге көңіл бөлсек, ***«Елім менің»,«Үшқоңыр»*** атты өлеңдерінің туу тарихы туралы Н.Әбішұлы: «Италияның атақты ақыны Мария Луиза Спациани: «Ауызекі сөз бен тіл айналыста жүріп әрін жоғалтатын, ақыры жыртылып құритын қағаз ақша сияқты, ал поэзия дегеніңіз банкте мәңгі сақтауда жататын алтынның құймасы тәрізді»,– дейді де, ойын одан әрі былай таратады: «Келісті баға. Найза ұстап жауға барған, қамшы ұстап дауға барған батыр бабалардан да бізге біраз қасиет жұғысқан сияқты».

***«Үшқоңыр»*** атты өлеңі әлемнің барлық құрлығына өкшесі тигендігігін, көптеген елдерді аралағандығын, табиғаты ғажайып талай өлкенің сұлулығына көз құмарын суарғандығын, бірақ бәрі де өзінің туып-өскен қазағының жеріне, Алатаудың бір бөктеріне жамбастай жығылған үш қоңыр төбеге жетпегендігін айтады.

«Балалығымның, сағынышымның алтын қазығы сонда екен. Сол бір жері – жәннат, бұлағы – бал, ауасы – нәр, ғажайып мекен көз алдымда көлбеңдеп тұрып алды. Тебірендім, толқыдым. Санада алтын шуақты сәуле ойнап, көкірекке лықсып өлең келді. Жаздым. Кей тармағын сызып, өзгерттім. Бар-жоғы сол. Екі ауыз сөзім елімнің кәдесіне жараса, арман бар ма?»– деп, «Үшқоңыр» өлеңінің шығу тарихы туралы сыр шертеді.

Халқымыз Н.Әбішұлының ән айтуды, тыңдауды ұнататын, әрі ақынжанды азамат екенін жақсы біледі. Жұртымыз ***«Елім менің», «Жерім менің», «Үшқоңыр»,«Сарыарқа»*** сияқты әндерін тыңдап жүр. Оның Әнұранымыздың мәтініне енгізген толықтыруларынан да ақындық жүрек, азаматтық тілек айқын аңғарылып тұр.

***«Менің Қазақстаным»*** әнінің мәтіні Қазақстан тыңын игерушілер құрметіне жазылғаны ешкімге құпия емес. Сол себепті, мәтінді Әнұран ретінде қабылдау үшін оған бірқатар өзгерістер енгізу керек болды.

Ежелден ер деген
Даңқымыз шықты ғой...
немесе: - Ерліктің дастаны –
Еліме қарашы,- деген жолдар арқылы ғасырлар бойы тәуелсіздік үшін күрескен бабалар ерлігі көрсетілді. ***«Дән егіп терлеген»*** атты жолы ***«Намысын бермеген»*** деген бабалардың қаһармандық рухын асқақтататын жолмен алмастырылды.

Ұрпаққа жол ашқан,

Кең байтақ жерім бар, - деген жолдары еліміз бен жеріміздің байлығы біздің ұрпақтарымыздың болашағына жарқын жол ашатыны да айқын көрініс тапты. Бұдан кейінгі ***«Бірлігі жарасқан, тәуелсіз елім бар»*** деген жолдармен тәуелсіздігіміздің алтын діңгегі – ел бірлігі баса көрсетілді.

Бүгінгі қазақ өлеңінің өрісін, жалпы қазақ поэзиясының деңгейін Нұрсұлтан Әбішұлының жаңашылдығы мол туындыларынсыз толық елестету, анықтау мүмкін емес екендігін ұғынсақ, оның шығармашылығы келешекте бір емес, бірнеше зерттеу еңбектері мен оқу құралдарына негіз бола алатыны күмәнсіз.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Бәйтерек. Президент Н.Назарбаев туралы толғаныстар. Астана: Күлтегін //2003 -165-б.

2. Елбасы. М.Қасымбеков. // Егемен Қазақстан //2004, 24 сәуір.

3. Көсем де, шешен де өзі көре алғанға. А.Ахметбекұлы // Астана// 2007

4. Поэзия шыңы – даналық. З.Ахметов. // Астана //2002

5. Тарих. Тағдыр. Тұлға. Н.Назарбаев. // Қазақ әдебиеті //16.09. 1997

6. Туған тілінің қайнарынан сусындаған. С.Матаев. // Егемен Қазақстан //2007.

**Гүлсім ДҮЙСЕНБИЕВА,**
**№122 жалпы орта мектептің**
**қазақ тілі мен әдебиеті**
**пәнінің мұғалімі.**
Оңтүстік Қазақстан облысы,
Мақтарал ауданы,
Жетісай қаласы.

# ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫН ӘР ТҮРЛІ ӘДІСПЕН ӨТУ

Қазақ тілін оқыту – қиын да қызық жұмыс. Қазіргі кезде қазақ тілін оқытатын мамандарға қойылатын талап – жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып, сапалы білім беру. Олардың ойлау, есте сақтау, көру қабілеттерін жетілдіру және танымдық күшін қалыптастыруға жағдай жасау, оқу әрекетін, өтетін тақырып мазмұның аша білу.

Білім негізінен пән арқылы берілгендіктен, әр пәнді заман талабына сай өз деңгейінде игерту, қай кезде болмасын, ең маңызды мәселе болып келгені даусыз.

Білім берудің талабына сай әр кезеңдегі білім парадигмалары өз міндеттерін атқарады. Ал, бүгінгі талап басқаша. Мұндағы басты мақсат – келешек ұрпақты жан-жақты қалыптастыру, яғни, терең білімді, рухани -шығармашылық қабілеті жоғары, сыни ойлау мүмкіндігі бар, өз бетімен ізденіп, игерген білімін іс жүзіне асыра алатын тұлға дайындау.

Мақсаты – айқын. Аталған мақсатқа жетудің тиімді жолы ретінде оқытудың әр алуан технологиясын, әдістемесін пайдалану керек екені сөзсіз.

Технология мен әдістеменің мақсаты бір – "қалай оқыту мәселелерін қарастырады".

Бүгінгі оқыту жүйесінде әртүрлі жаңа технологияларды пайдалану тәжірибеге еніп, нәтижелер беруде. Бұлар оқушының жеке қасиетін аша отырып, азамат етіп тәрбиелеумен қатар оқушының танымдық күшін қалыптастыру және білімін кеңейтуге, тереңдетуге жағдай жасайды.

Ұстаз үшін ең басты мәселе – оқыту әдісін дұрыс таңдау. Менің өз әдісім – ізденіс, ізденіске жұмылдыру.

Қазіргі кезде ғылым мен техниканың даму деңгейі әрбір оқушыға сапалы және терең білім беруіне жағдай жасап отыр. Оқытушы баяндайды, әңгімелейді, түсіндіреді, ал оқушы тыңдайды, қабылдайды, ойлайды, т.б. таным әрекеттерін жасайды.

"Жүз рет естігеннен, бір рет көрген артық" деген сөздерді ескере отырып, сабақтарымызда мүмкіншілігіне қарай мультимедиялық проекторды пайдаланып отырсақ, оқытушының ұтары мол деп ойлаймын. Тек оларды тиімді, жүйелі түрде қолдану оқытушының шеберлігіне байланысты әрқилы жүзеге асырылуы мүмкін.

"Мемлекеттік тіл – менің тілім" тақырыбында сабақ өттім. Сабақтың тәрбиелік мақсаты өз Отанына, өз тіліне деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру болса, осы мақсатты бетке ұстай отырып

жұмысымды құрастырдым. Экрандағы көріністер туралы алдын ала тапсырма берілді. Сабақ барысында оқушылар "Тіл туралы" заң ата заңымыздың қай бабында, қай бөлімінде екенін білді. Осы сабақтарда мультимедиялық проекторды қолданудың маңызы қандай десек, біріншіден, оқушылар үлкен әсер алады, қасиетті тіліміз жөнінде көп мағлұмат алып, білімін тереңдетеді. Өз бетімен жұмыс істеу арқылы өз күшіне деген сенімділік пайда болады, патриоттық тәрбие алады.

Өзім сабақ беретін сыныптарда оқушылардың танымдық ой-өрісін қалыптастыру мақсатында сабақтың әр кезеңінде өз қалауыммен жаңа тақырып түсіндіру алдында, өтілген тақырыпты қайталау мақсатында, жаңа тақырыпты бекіту үшін сабақ соңында, тіл дамыту сабақтарында немесе пән бойынша аудиториядан тыс өткізілетін шараларды мультимедиялық проекторды қолдануға көңіл бөліп жүрмін.

Мультимедиялық проекторды қолданудың оқытушыға берерiне келсек:

- Оқушының танымдық күшін қалыптастыру;
- Барлық баланы оқыту;
- Оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруға көмектесу;
- Білім берудің формасын оңайландыру міндеттерін атқару;
- Оқушының пәнге деген қызығушылығын арттыру;
- Оқушының жеке қабілетін айқындау, іздену (оқушыларға алдын ала тапсырма беріледі).

Мультимедиялық слайдтарды қолдану, әсіресе, дәстүрлі емес сабақтарда ыңғайлы. Үлгі ретінде мен сіздердің назарларыңызға сабақтарымнан бірнеше мысал келтіргім келіп отыр. Мысалы:

Сөздік жұмысын жүргізгенде технология стратегиясының бір түрі – "Ассоциацияны" қолдануға болады. Ассоциация "Қазақстан" сөзін естігенде қандай сөздер ойыңызға келеді? Жазыңдар. Бірінші оқушылар дәптерлеріне ойына түскен сөздерді жазады, содан кейін экранда төмендегі кесте шығады. Осы кесте бойынша мәтін құрастырады.




"Тәуелсіз Қазақстан" тақырыбы сабағы бойынша проектор қайталау кезеңінде қолданылды. Проектордан еліміз және оның бас қаласы бойынша маңызды көріністер, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері оқушылардың назарына ұсынылады, сонымен қатар "Астана", "Қазақстан" тақырыбындағы сөзжұмбақтар арқылы қайталау

жұмысы жүргізіледі.

Экранда: «Астана» сөзжұмбағы.

1. Астананың бұрынғы аты.
2. Астана қай өзеннің жағасында орналасқан?
3. Астанадағы тәуелсіздік символы.
4. Астанадағы университеттің аты.
5. Астана өңірінде өндіретін қасиетті тағам.
6. Болашақтың символы елестейтін мүсін.

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | **А** | | | | | |
| | | | **С** | | | | | |
| | | | **Т** | | | | | |
| | | | **А** | | | | | |
| | | | **Н** | | | | | |
| | | | **А** | | | | | |

Бағдарлама бойынша берілген тіл ұстарту сабақтарының тақырыптары оқытушылардың қалауынша, сондықтан да өз қалауым бойынша (оқушылар орыс мектебінде оқыған, қазақ халқының салт-дәстүрлерін атүсті білетінін байқадым) бір тіл ұстарту сабағымды қазақ халқының салт-дәстүрлеріне, соның ішінде сәбилерге байланысты рәсімдерге арнадым. Салт-дәстүр туралы сұрақ-жауап арқылы әңгімелескеннен кейін мультимедиялық проектор арқылы бірнеше көріністер мәтіндерімен экранға түсірілді. Сол суреттер және мәтіндермен түрлі әдісті қолдана отырып жұмыс жүргізілді. Нәтижесінде:

- Оқушылардың сөйлеу қабілеті дамиды;

- Тілдік қорын жетілдіреді;
- Салт-дәстүр туралы танымы тереңдейді;
- Ұлттық сана-сезімін оятуға әсерін тигізді.

Ал, грамматикалық тақырыптар бойынша слайдтарды сабақты қорытындылау кезеңінде қолданған өте тиімді деп есептеймін.

Мысалы: “Сөз құрамы” тақырыбын алсақ қос сөз, біріккен сөз, қосарлы сөз тақырыптары бөлек-бөлек сабақтарда өтіледі. Осы сабақты қорытындылағанда “Сөз құрамы” слайдын экранға түсіріп, қорытындылау жұмысын жүргізсек ұтымды.

“Үстеуді” өткенде мекен, мезгіл, себеп, мақсат, сынбейне, мөлшер үстеулері де бөлек-бөлек сабақтарда өткізілсе, қорытындылау сабағында “Үстеу” тақырыбындағы слайд арқылы қорытындылау жұмысын жүргізсек, оқушылардың осы тақырып бойынша алған білімін тұжырымдауға, ойын жинақтауға әсерін тигізетіндігі сөзсіз.

Қытайдың даналық сөздерін еске түсірсек:

Айтсаң –ұмытып қаламын,
Көрсетсең – есімде сақтаймын,
Жасатсаң – үйренемін- дейді.

Сөйтіп, жүйелі түрде оқу үрдісінде мультимедиялық проекторды қолданып отырсақ, біріншіден, оқытушы ұтады, яғни, ол сабақты тиімді ұйымдастыруға көмектеседі, оқушының пәнге деген қызығушылығын арттырады, екіншіден, оқушы да ұтады, себебі өз ойын еркін жеткізуге мүмкіншілік алады, өз бетімен еңбек етуге баулиды, өздерін сөйлету оқушының ой-өрісін дамытуға септігін тигізеді, оның тақырып бойынша танымы кеңейеді.

**Гүлзада ҮСЕЙІНОВА,**
**№240 Ғани Мұратбаев атындағы**
**орта мектебінің**
**қазақ тілі мен әдебиеті**
**пәнінің мұғалімі.**
Қызылорда облысы,
Жаңақорған ауданы,
«Қандөз» ауылы.

# БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ – ЕГІЗ

Ұстаз – мамандық әлеміндегі ең ғажайып мамандық. Көзі жәудіреп алдында отырған шәкірттер ертеңгі ел басқаратын, ғылымның сырын ашатын, қоңыр даланың ғарышқа самғайтын кемені ақылдың нұрымен суарып кітап жазатын елімнің ертеңгі қожалары емес пе? Еліңнің ертеңін жасар азаматты тәрбиелеу, баулу сенің қолыңда тұрса, одан басқа қандай сый керек. Сондықтан да ата-ана, халық, мұғалім сеніп, бүкіл бір ұрпақтың сәтті негізін, дамуды қазіргі уақытта, біздің күрделі заманымызда қажетті топиранимизм болып жүруге лайық ұрпақты тәрбиелеуді тапсырып отыр

Оқушы – мұғалімнің өзін көрсететін айнасы іспеттес. Мұғалімнің жақсы көрген шәкірті еш уақытта ұятқа қалдырмайды. Тек балалардың

сүйіктісі бола біл. Бұл онша қиын да емес, өкінішке орай, барлық ұстаз осы дәрежеге көтеріле алды ма?!

Өзіңіз сұлу сезімсіз болсаңыз, сұлу сезімді жанды қалай тәрбиелейсіз? Оқушының бойында қандай қасиет басым болса, сол қасиетті ол алдымен ата-анасынан, екінші мұғалімінен алады. Сол шәкіртіне деген өн бойындағы барлық ыстық қасиеттері мен жылы шуақтарын аямай төгеді. Мұғалім баланы оқытады, тәрбиелейді. Сол оқыту жолында ол небір қиындықтарды басынан өткереді. Оның алдында түрі мен мінезі бір-біріне ұқсамайтын, біреудің еркесі, біреудің кенжесі, біреудің жалғызы дегендей-ақ, әр түрлі шәкірттер отырады. Біздің міндетіміз – сол шәкірттеріміздің ойлаған ойынан шығып, оның сүйіктісі бола білуіміз керек. Бір сөзбен айтқанда, шәкірт ұстазының әрбір сабағын асыға,тағатсыздана күтіп отырса, содан артық бақыт бар ма екен,шіркін!

«Сабақ – оқытушының педогогикалық мәдениетінің айнасы»,- дейді А.Сухомолинский. Бұл тұжырым – нағыз көрегендік. Сабақ – педогогикалық шығарма, оны түсіндіруден гөрі, өткізу әлдеқайда оңай. Өткізілетін сабақтың болуының толып жатқан шарттары бар. Оның ең бастысы – ерекшелігі. Алайда, бұлар аз, бұған қоса әдістемелік шыңдалған шеберлік қажет етеді.Сабақты жоспарлауы, ұйымдастыруы, өткізуі үлкен нақтылықты қажет етеді. Сабақ – күрделі үдеріс, оның үстіне небір қиындық оқыс әрекеттер сабақ үстінде кездесіп жатады. Ұстаз шеберлігі осының бәріне төтеп берелiктей болуы шарт. Мұғалім сабақты дұрыс жоспарлап, мақсатын

нақты белгілеп алмайынша дегеніне жете алмайды. Оқытушы сабақтың мазмұнын, құрылысын, дәлдігін, жұмыс жүргізу тәсілін мұхият ойластыруы қажет. Сабақты жоспарлауға қандай негізгі талаптар қойылады? Олардың жобасы төмендегідей:

1. Оқушылардың бар зейінін аударып және ықыласын ынта-жігермен тыңдауды ұйымдастыру;

2. Сабақтың тақырыбына сай мақсатын нақтылай түсу;

3. Оқытушының тақырыпты терең және жан-жақты меңгеру;

4. Мұғалімнің материалды жеткізу шеберлігі, сезімі, тиімді әдіс-тәсілдері;

5. Көрнекі құралдардың нақтылығы, әсерлігі, мазмұндылығы;

6. Мысалдардың өмірмен байланыстылығы баланы ойлануға, сөйлетуге, тәрбиелеуге ықпалы;

7. Топпен, жеке оқушымен жұмыстың жандылығы, әр түрлілігі;

8. Оқушы теориялық жағынан меңгергенін іс-тәжірибеде, күнделікті сабақтарда қолдана алуы;

9. Оқушы алдына проблема қойып, оны ізденіске баулу;

10. Сабақты басқа пәндермен, өнер салаларымен үйлесуіне, ұқсастығына қарай түрлендіру;

11. Оқушының шығармашылық белсенділігін арттыратын өз бетінше жұмыс беру;

12. Бағалау, оның тәрбиелік мәні;

13. Үй тапсырмасын уақытында түсіндіріп, үлгісін беру;

14. Осылардың ең бастысы – сабақтың жүйелілігі;

Оқытушының іскерлік сапасына төмендегідей талап-міндеттер қойылады:

1. Сабақтың мақсатының айқын болуы;
2. Материалды жан-жақты әрі түсінікті баяндауы;
3. Басты мәселені бөле көрсетуі;
4. Сыныпты пәнге қызықтыруы;
5. Мәселе қозғап, пікір-сайыс туғыза білу;
6. Баяндау тәсілі жүйелі әрі қызықты болуы;
7. Сөйлеу мәдениетінің тартымдылығы, сөздері анық, қарқыны ұнамдылығы;
8. Оқушыны тізгіндемеуі;
9. Алған мысалдарының өмірмен байланысы әрі тәрбиелік мәнінің маңызды болуы;
10. Оқушыларға еркін жұмыс істеуі;
11. Сыныптағы тәртіп дұрыс жолға қойылуы;
12. Сабақтағы дидактикалық материалдардың жеткіліктігі;
13. Көрнекі құралдардың барлығы;
14. Техникалық құралдардың барлығы;
15. Үйге тапсырма уақытында әрі дұрыс берілуі;
16. Оқушылармен жеке жұмыстар жүргізілуі;
17. Оқушылардың қателері дер кезінде түзетіліп отыруы.

18. Бағалау нормалары сақталып, әділ бағалануы.

Әр сабақта осыларға қоса педагогикалық, психологиялық, физиологиялық, гигиеналық талаптар қарастырылады. Көпшілік жағдайда бір сыныптың оқушыларына бірдей дайындықпен, бірдей талаппен, бірдей өткізілген сабақты әр оқушы әр түрлі қабылдайды. Осыдан кейін келіп жеке оқушыларды зерттеу және олармен жеке жұмыстар жүргізу талабы туындайды. В.Рагова былай дейді: «Оқыту технологиясының ең басты проблемасы – ұжымдық жұмыста жеке оқушының жеке мүмкіндігін дұрыс аңғарып, оны дұрыс істете білуі». Шынында да, сабақ оқыту кезінде оқушылардың мол мүмкіндігін аша алмай келеміз, сондықтан да жеке оқушымен жұмыс бірінші орында болуы керек. Жұмыс барысында сыныпта уақыт жетпесе, үйге тапсырма беріп, оны тексеруді қадағалап ойластырған жөн. Ендігі үлкен проблема – үнемі баланың сөйлеу тілін жетілдіріп, логикалық қорын молайтып отыру. Көпшілік жағдайда мұғалімнің мысалдары – оқушылар баяғыда-ақ жалығып кеткен бір сарынды дүниелер. Сондықтан балада қызығудан гөрі немқұрайлылық басым. Әйтеуір сыныпта сабақ аяқталғанша отырып қайту. Келесі, оқытуда ескерілмей жүрген жайт, сабақты проблемаға құрып, бала алдында жағдаят тудыра алу, сол арқылы ойландыру шешімін іздету. Сабақ үдерісіне тікелей араластыру. Сабақ жағдаятқа құрылмаса, тағы керегі жоқ жансыз мысалдар алынады, олар бала үшін

ешқандай рөл атқармайды. Мысалы:

Оқытушы: Марат, Алматыға бардың ба?

- Оқушы: жоқ. Немесе «қоян шөп жейді», «трактор жер жыртты», Мараттың Алматыға барған, бармағаны оқушылар үшін қызық емес. Келесі сөйлемде де солай. Қоянның шөп жейтінін, трактордың жер жыртатынын бастауыш сыныпта естіген. Тапсырма баланы шын ниетімен сөзге тартатындай болуы керек емес пе? Бала қызығып, өзі қиялдайтындай немесе біреудің барғанын құмартып тыңдайтындай жағдай жасау қажет. Келесі бір жай, сабақтағы нақтылық. Көп жағдайда сабақтың тақырыбына мазмұны сәйкес келе бермейді. Соның әсерінен кейбір сабақтар мақсатынан алшақтап, жүйесіз, бос баяндау боп келеді. Сабақты жоспарлағанда оқыту, үйрету, тәрбиелеу, дамыту шарттарын ескере бермейміз.

1. Оқыту, яғни, білім беру мақсаты:

Балаға ғылыми теориялық жағынан не айтуымыз керек? Ол қандай мөлшерде, оны бала қабылдайды ма? Қалай қабылдату керек, балаға түсіндірудің, есте сақтатудың жолын іздету керек.

2. Үйрету:

Оны білген оқушы практикада қолдана ала ма? Егер құр ережені жаттап алып, оны іс тәжірибеде қолдана алмаса, ол неге керек? Нәтижесі сол ережеге байланысты тапсырманы бала қиналмай орындауы керек.

3. Тәрбиелеу:

Ендігі бір жауапты кезең – тәрбиелеу, екінші, әр

түрлі әдіс-тәсілдер арқылы оқушыны имандылыққа тәрбиелеу. Үшіншіден, оқытушының өзі – тәрбие берудің көрнекілігі, іс-әрекеті, сөйлеген сөзі, киім киісі, жүріс-тұрысы, адамгершілігі арқылы тәрбиелеу. Айналадағы қоршаған ортаға жанашырлықпен, мейіріммен қарау. Бойкүйездік, екіжүзділіктен жиіркендіру. Ұлт намысын, әдет-ғұрыпын жоғары ұстау. Қыз бала өз орынын, ұл бала өз орынын білу. Ешқандай тәрбие бермей оқыту не үшін қажет? Міндетті түрде сабақтың тәрбиелік мақсаты болуы керек.

4. Дамыту:

Оқушының логикалық ойлауын қамтамасыз ету. Ой-өрісін шыңдай отырып, өмірге көзқарасын қалыптастыру. Бойындағы өнерін танып, бағыт-бағдар беру. Ғылымға қызықтыру. Айнала қоршаған ортаға немқұрайлы емес, зер сала қарау керек. Бүгін айтылғанды ертеңмен ұштастыру, өз беіңше толықтыру, жеке оқушымен жұмыс. Оқушыға беретін тапсырмаларда дәлелдейтін, түсіндіретін, пікірмен келісетін, келіспейтін, ұсыныс енгізетін, сын көзбен қарайтын, бір сөзбен айтқанда, баланы жан-жақты ойландыратын жұмыстар болуы керек.

Ыбырай Алтынсарин айтқандай, мектептің жүрегі болуымыз керек. Ақауы жоқ, таза қанды, адал жанды, тоқырап, тоқтап қалуды білмейтін, өмір бойы балалармен бірге соға беретін жүрек керек мектепке. Мектептің жүрегі бола білу – өмірден өз орынын табу деген сөз. Оқушылармен достық қарым-қатынас жасаудан ешқашан жалықпау керек. Ретті жерде

сыйлап мәпелеуіміз қажет.

Бала жаны әділдікті сүйеді. Әсіресе, баға қойғанда қандай баға қойсаңыз да бала сізге дән риза болады. Сізден басқа кемшілік тапқанмен, дәл осы әділдігіңіз үшін сізді қатты бағалайды. Оқушыларға ретсіз, жаза қолдану оқытушының әдіссіз, әлсіз екенін көрсетеді.

13 пен17 жастың арасындағы балаларға бұйырудан гөрі сен түсінесің, түсінуге тиіссің, өйткені адамсың деген сөз өтімді болуы тиіс.

Егер мұғалім оқушы алдында шын мәнінде құрметтеліп сыйлайтын дәрежеге көтерілсе, өзін-өзі шебер мұғаліммін деп сезінуіне әбден болады. Бұл – мақтану емес, адамның қашан да сезім үстінде болуынан, өзінің жетістігін де сезіне білінуден шығатын нәтиже.

Жасандылық жасамау керек. Бала жаны жасандылықты жаратпайды. «Білгенің қайсы, білмегеніңді кешірмесең»,- дейді халық. Сіздің істес болып отырған адамыңыз әлі жас, ақылы толмаған, көп нәрсені білмейтін сәбилер екенін ұмытпау керек. Олай болса, кешірімді, мейірімді болу керек.

Он жыл бойы туған баладай, туысқан бауырыңдай, жақсы сырлас досындай болған оқушылар жыл сайын түлеп ұшқан балапан бүркіттей өмір өрінің екінші бір сатысына самғап кетеді.

Шәкірт пен ұстаз арасында достық сезім өте қажет-ақ. Бірақ көп нәрсе мұғалімнің өзіне де байланысты екенін ұмытпауымыз керек. Айталық, бала бір сабақты нашар оқиды. Оған ұрысуға да, қорқытуға да болады. Ата-анасына барып айту да қиын емес.

Бірақ бала көп пәннен 2-ден басқа баға алмайды. Бұл неліктен? Мұндай жағдай көбіне мұғалім мен оқушының өзара ұғыса алмауынан болатынын тәжірбие айқын көрсетіп жүр. Бала жүрегіне жол таба алмаған мұғалім кейде оны өзіне қарсы қойып алады. Бала ерегескіш келеді.

Бала тәрбиесі – үлкен өнер. Әр балаға әр түрлі тәсіл керек. Біреуге ақыл айтсаң да, жетіп жатыр. Енді біреуіне ақыл жүрмейді. Мінез-құлқына қарай басқа амалын табу керек. Бала жүрегі – кішкентай күйсандық. Ол сандықтың кілтін тапсаң ғана ашылады. Мұғалімдердің қолында әр кез сол кілт жүру керек.

Туысынан бала жаман болмайды. Ал жаман тәрбиеші болуы мүмкін. Олай болса тәрбие жұмысына ата-аналар мен мектеп ұжымы бүтіндей бірлесе отырып, түбірлі өзгеріс, яғни, жаңа адамды тәрбиелеу мақсатында революция жасауымыз қажет.

Қорыта келе айтарым: біздер, мұғалімдер, еш уақытта жалқауланып, баланың тағдырына немқұрайлы қарамауымыз керек. Өйткені, бала – біздің болашағымыз. Болашақ ұрпақтың тағдыры, әуелі, Алланың, ата-ананың, сосын мына біздің, мұғалімдердің қолында тұр.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. «Парасат» журналы. 1982 ж. қаңтар айы.
2. «Қазақ тілі мен әдебиеті», 1999 ж. шілде айы.
3. Х.Арғынов. Қазақ тілі методикасы. А., 1971.

**Анар ИБРАЕВА,**
**Астана гуманитарлық колледжінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы.**

# ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАР ЖҮРГІЗУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫНЫҢ ТІЛІН ҰСТАРТУ

Қазіргі білім беру жүйесіндегі баланы оқыту мен тәрбиелеудің мақсаты – жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру болса, оқытудағы негізгі мақсат – өздігінен дамуға ұмтылатын жеке тұлғаны қалыптастыру. Жеке тұлғаның дамуында маңызды рөл атқаратын – оқушының өз бетінше жұмысын тиімді ұйымдастыра білу; сол арқылы материалды саналы меңгертудің жүйесін жасау; оқушының түрлі дара қабілеттерін арттыру. Осыған орай, өзіндік жұмыстың негізгі мақсаты – оқушылардың танымдық міндеттерін қалыптастыру, шығармашылық қабілеттері мен қызығушылығын жетілдіру, білімге құштарлығын ояту, логикалық ойлауы мен тілін дамыту. Мұғалім сабақта әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, балалардың ұсыныс-пікірлерін еркін айтқызып, ойларын ұштауға және өздеріне деген сенімін арттыруға мүмкіндік туғызып отыру қажет. Оқушылардың өзіндік жұмысына, мұғалімнің тапсырмасы бойынша, олардың өздері жоспар жасап, істің тәсілін анықтап, оның нәтижесін бағалап орындайтын жұмыстары жатады.

Сонымен қатар оқушылардың өзіндік жұмысының жоғарғы формасына олардың өз еркімен жаңа амал-тәсілдер қолданып, жасайтын шығармашылық жұмыстарын жатқызамыз. Мұғалім оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыруда өзінің басшылық әрекетін олардың талап-тілектеріне сәйкес ойдағыдай ұштастыра білуі қажет. Бұл мұғалімнен шығармашылық еңбек пен әдістемелік шеберлікті талап етеді. Өзіндік жұмыстарының түрлері сан алуан. Өзіндік жұмыстарын топтастыруда бірнеше шарттар мен белгілерді ескеру қажет. Оқытудың мақсат-міндеттеріне, жеке пәннің мазмұнына, ғылым мен оқыту әдістерінің ерекшеліктеріне, оқушылардың дербестігі мен жалпы даму дәрежесіне, оқыту үрдісіндегі алатын орынына, т.б. белгілеріне қарай олардың өздігінен істейтін жұмыстарын бірнеше топқа бөлуге болады. Оның ең жиі кездесетін бір тобы – сабақ мақсатына қарай қолданатын жұмыстың түрлері:

а) жаңа білімді меңгеру (материалды жан-жақты талдау, мұғалімнің ауызша баяндауының жоспарын, конспектісін жасау, т.б. тәсілдерге үйрену);

ә) жаңа білімді бекіту (түрлі жаттығулар, т.б.);

б) білім мен дағдыларды қайталау, бақылау және тексеру (түрлі жазбаша, практикалық жұмыстар). Өзіндік жұмыстарының екінші тобына ғылым мен оқыту әдістеріне байланысты іске асырылатын жұмыстардың түрлері жатады: оқулықпен, оқу құралымен және басқа да ғылыми анықтама әдебиеттермен жұмыс істеу; шығармашылық жаттығулар, бақылау, т.б.

Оқушылардың дербестігінің даму дәрежесіне қарай, олардың өздігінен істейтін жұмыстары репродуктивтік және шығармашылық болып екі топқа бөлінеді. Репродуктивтік жұмыстарға оқушылардың дайын үлгіге еліктеу негізінде жасайтын жұмыстары (жай жаттығу, көшіріп жазу, мұғалімнің берген сұрақтарына кітаптан жауап беру, берілген жоспарға сәйкес оқулықтағы мәтінмен жұмыс істеу т.б.) жатады. Шығармашылық жұмысқа оқушылардың өздігінен шығарма, баяндама, реферат, пікір жазу, модельдер, т.б. жатады. Репродуктивтік және шығармашылық жұмыстар өзара байланысты болады, біріншісі екіншісіне ауысып отырады. Мысалы, әдебиет сабақтарында мұндай жұмыстар мынадай бағытта іске асырылады:

1. Жай жоспардан түрлі тақырыптарға шығарма жазуға дейін;

2. Көркем мәтінді қарапайым талдаудан күрделі талдауға дейін;

3. Оқулықпен істейтін қарапайым жұмыстан қосымша екі-үш әдебиетті қатар пайдаланып, өздігінен жұмыс істеуге дейін;

4. Оқыған көркем мәтін үзінділерінің мазмұнына жай жоспар жасаудан дәріс жоспарын жасап, конспект, тезис, реферат жазуға дейін;

5. Мұғалімнің сұрақтарына жауаптан баяндама, пікірталасқа дейін.

Төртінші топқа – мұғалімнің тапсыруынсыз: міндетті түрде емес, оқушылардың өз еркімен, ықыласымен жасайтын жұмыстары жатады: қосымша әдебиеттерді оқуы, ғылыми үйірмелер

мен ұйымдардың жұмысына араласып, байқау, олимпиадаларға қатысуы, қоғамдық пайдалы жұмыстарға, үгіт-насихат, көпшілік мәдени-ағарту, өлкетану жұмыстарымен шұғылдану, т.б.

Өзіндік жұмысты ұйымдастыруда төмендегідей талаптар қойылады:

1. Жұмыстың көлемін шамадан асырмай, оның сапасын арттыруға көңіл аудару;

2. Оқушылардың өзіндік жұмысын оқу жұмысының басқа түрлерімен дұрыс ұштастыра білу;

3. Оқушылардың дербестігін арттырып, өздігінен білім алу қабілетін жүйелі түрде дамыту;

4. Өзіндік жұмыстың мазмұнына күнделікті өмірден алынған саяси-қоғамдық мәні бар материалдарды, хабарларды енгізу;

5. Оқушыларды алған білімдерін іс жүзінде қолдана білуге дағдыландыру;

6. Оқушыларды оқу жұмысына шығармашылық тұрғыдан қарауға, әр уақытта дербес және белсенді әрекет жасауға баулу.

Оқушылардың жекелік қасиеттерін, қабілеттерін дамытуда, қазақ тілін оқыту барысында тіл білімінің салаларынан теориялық мәліметтер беруде тіл дамыту мәселесін басты назарда ұстап, өзіндік жұмыстарды жүргізуде тіл дамытуға бағытталған тапсырмалардың мол қамтылуын қарастырған жөн.

Тіл дамыту жұмыстары жүргізудің негізгі мақсаты – өз ойын еркін жеткізе алатын, тіл байлығы мол, шығармашыл жеке тұлғаны қалыптастыру.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша өзіндік жұмыстарды орындау оқушыларға жаттығу

жұмыстарын, көркем шығармаларды талдау дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі, теориялық ережелерді дұрыс тұжырымдау және ашу қабілетін дамытады, тілдік заңдылықтарды үйренуге, өз бетінше қорытынды шығаруға ықпал етеді; мұның бәрі бағдарлама бойынша материалдарды неғұрлым терең әрі жақсы игеруге мүмкіндік береді.Мектептегі жүйелі жүргізілген өзіндік жұмыстар әрі қарай кәсіптік білім беруде жалғасын тауып күрделеніп отырады.Болашақ мамандарды дайындауда қазақ тілі мен әдістемесі, әдебиет пәндері бойынша студенттерді өзіндік жұмысты жазуға баулу – бұл курстық, диплом жұмыстарын жазуға даярлық болып табылады. Бұл жұмыстарды бірнеше кезеңдерге бөліп жүргізуге болады:

1. Тапсырма, кеңес алу және жұмыстың жоспарын жасау;
2. Тапсырма тақырыбына қатысты ғылыми материалдарды жинау (ең алдымен библиографиямен жұмыс істеу), әдебиеттерді оқу;
3. Материалды өңдеу;
4. Жұмыстың жоспарын нақтылау;
5. Пән бойынша өзіндік жұмысын қорғау.

Егеменді еліміздің ең басты мақсаты өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, ал өркениетке жетуде жан-жақты дамыған, тіл байлығы мол рухани бай тұлғаның алатын орыны ерекше. Оқушыларды өзіндік жұмыстарға баулу арқылы біз өз бетінше шешім қабылдай алатын, терең ойлайтын, тың пікірлер айта білетін жеке тұлғаны тәрбиелейміз.

**Мереке ӘБДІҒАЛИЕВА,**
**Астана қаласындағы**
**№1 мектеп-лицейінің**
**қазақ тілі мен әдебиеті**
**пәнінің мұғалімі.**

# МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІ САБАҚТА ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫНЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ЖЕТІЛДІРУ

Мақал мен мәтел айтылатын ойдың мақсатын және уақиға желісін тыңдаушыға бірден аңғартуға және сөйлеген сөзден қысқа, тұжырымды қорытынды шығаруға үлкен жеңілдік туғызады. Осы қасиеттеріне қарай мақал-мәтелдерді сөйлеуде, шығармада орынды қолдану керек. Орынды қолданылған мақал-мәтел сөйлеушінің ойын дәл, анық, әсерлі етіп беруге көмектеседі.

Мақал-мәтелдердің тілі қарапайым және өте көркем, сөздік құрамы бай. Сөйлем құрылысы жағынан жеңіл, әсерлі болып келеді. Халық мақал-мәтелдердегі қолданылған тек қана сыртқы сұлулығына қарамайды, сонымен қатар құрамындағы сөз мағынасының шебер, орынды қолданылуына назар аударады. Мақал-мәтелдерді оқып үйрену ана тіліміздің байлығын, сөйлем құрылысын, дұрыс

сөйлеу заңын жетік білуімізге, тілімізді дамытып, ойөрісімізді кеңейтуге себепші болады.

Ғалым М.Балақаев тіл шеберлігіне төмендегідей жалпы сипаттама береді: «Негізгі тілдік материалдар – халық тілінің байлықтары сөздер, мақал-мәтелдер. Тек солар арқылы әрі жатық, әрі нақтылы, өзгелер бірден түсіне қоятын сөз кестелерін тіл шеберлігіне арқау еткенде ғана жұрт ықылас қойып, сүйсініп тыңдайтын болады». Бұл сипаттамадан мақал-мәтелдер ойды әсерлі етіп түсіндірудің құралы деген қорытындыға келеміз.

Мақал-мәтелдердің негізгі ерекшелігі: ол – халық ойының ескерткіші ғана емес, сонымен қатар күнделікті сөйлеу тілі құрамындағы тірі тілдік бірлік. Мақал-мәтел – қазақ халқының рухани, даналық қазынасы. Оны оқушыға оқыту, үйрету – сол қазынадан нәр беру, рухани жағынан халыққа жақындастыру, халықтың рухани, даналық байлығын түсіну, меңгеру арқылы қазақ халқын сыйлауға бағыттау, достыққа шақыру деген сөз.

Тіл пәнін үйретудің, оқытудың сол тілде сөйлеуді қалыптастырудың, дамытудың негізгі құралдары-оқу жоспары, оқу бағдарламасы және шеберлігі, жаңашылдығы. Тіл үйрету үшін оқушылардың жеке ерекшеліктерін, зейінін, ойлау және қабылдау қасиеттерін жақсы білу қажет. Әр оқушының қабылдау мен ойлауында жеке басына тән толып жатқан ерекшеліктері болады. Сондықтан кез келген сабақта қайсы оқушылардың нені білмейтінін және оған көмектесу үшін не істеу керек екендігін жүйелі

түрде есепке алып отырады. Құрғақ жаттату емес. Сол сөздердің мағынасын саналы түрде ұғындырып, ауызша және жазбаша қолдана білуге тыңдаушыларды үйреткенде ғана іс нәтижелі болады.

Сөз мәйегі – мақал-мәтелдерді сабаққа енгізудегі ең басты мақсат жастарды биік адамгершілікке, қайырымдылыққа, жоғары жауапкершілікке, өзінің ұлтын, туған халқын, жерін, Отанын қастерлеп, оған қызмет етуге тәрбиелеу, олардың өнер-білімге қызығушылығы мен ынта-жігерін көтеру, алған білімдерін өмір, табиғат заңдылықтарымен байланыстыра отырып, тәжірибеде қолдана білуге, олардың ой қабілеттері мен тіл шеберліктерін дамытуға, алғырлық пен ептілікке, әдемілік пен әсемдікке, жақсылыққа, ерлікке, өздеріне және қоғамға қажетті кәсіп түрін таңдай білуге, еңбекқорлыққа үйрету жастар өмірінде ең қажетті мәселе болып есептеледі.

Халқымыздың атадан балаға қалдырған және ғасырлар бойы жинақталған асыл мұрасы, бай тәжірибесі, жастар арасындағы тәрбие жұмыстарының мақсаттары мен міндеттерімен байланысты жинақталған. Сондықтан тілімізге мемлекеттік мәртебе берілуіне байланысты тарихымызды, мәдениетімізді, бүкіл адамгершілік рухани қазынамызды ғылыми жүйеге келтіріп, оны ұрпақ, жастар тәрбиесінде орынды пайдаланатын кезең жетті.

Қазақ тілінің қыр-сырын оқушыларға грамматиканың қалыптасқан тек қасаң, құрғақ

қағидаларына сүйеніп оқытуға болмайды. Себебі, бұлай оқыту оқушыларды жалықтырып жібереді, әрі жаңа мағлұматтарды толық игеруге ешқандай мүмкіншілік болмайды. Сондықтан да сабақтың мазмұнды, қызықты өтуі үшін оны түрлендіріп отыру керек. Оқытудың түрлі тәсілдерін тиімді пайдалану үшін әр түрлі таблицалар, үлестірмелі кәртішкелер, мақал-мәтелдер, қазақша өлеңдер, диалог түрлерін сабаққа енгізіп отырған жөн. Сонда сабақ тартымды, өз деңгейінде өтеді. Мысалы: мақал-мәтелдерді қолдану дағдысын қалыптастыру, шағын мазмұндама жазғызу арқылы тіл дамыту, мақалды жаттау және мазмұнын өз сөздерімен айтқызу – ретті жерлерінде қолдана білуге, мәнерлеп оқуға, сөз тіркестерін, сөйлемдерді құрастыра білуге үйрету.

Нағыз халықтық мұра, яғни, мақал-мәтел қарым-қатынаста қолданылса, оқушылар көркем сөйлеуге үйреніп, дәстүрімізді байытуға үлкен рөл атқаратыны сөзсіз. Осы мәселені жүзеге асыру мақсатында 4 жұмыс түрлерін жүргізуге болады:

1. Мақал-мәтелдерді тілдік жаттығуларды қолдануға жаттықтыру;
2. Мақал-мәтелдерді пікірлесімде қолдануға жаттықтыру;
3. Мақал-мәтелдерді мәтін құрамында қолдануға жаттықтыру;
4. Мақал-мәтелдерді мазмұндама, шығарма құрамында қолдануға жаттықтыру.

Оқытушы оқушыларға жаңа мақал-мәтелді дұрыс айтуға дағдыландырып, мағынасын түсіндірумен

қатар, оның сөйлеуде қолдануын іске асыру керек. Бұл мақсат-міндетке жету үшін мақал-мәтелдерді сөйлеуде қолдануға жаттықтыру жұмыстарын жүргізуге болады.

**Мақал-мәтелдерге байланысты жүргізілетін төменгідей жаттығу түрлерін атауға болады:**

а) мақал-мәтелдің кейбір сөзінің, сөздегі дыбысының орынына көп нүкте қойып, оны толықтырып жазғызу:

ә) мақал-мәтелдердің жартысын жазып, қалғанын оқушының өзіне жалғастыру;

б) мақал-мәтел ішіндегі бір, не екі сөзді атап, ол сөздері бар мақал-мәтелді айтқызу.

Мақал-мәтелдердің құрамындағы түсірілген сөзін, дыбысын толықтыруға арналған жаттығулар жаңа мақал-мәтелдің оқушы мағынасын түсініп, айтылуын меңгерту жұмыстары жасалған соң жүргізіледі. Және оны фонетика, морфология, т.б. тіл материалдарын өту кезеңіне байланысты қолдануға болады.

Мақал-мәтелдер тілді оқытуда арнайы жеке тақырып ретінде өтілмейді, ол тілді үйретудегі барлық тілдік тақырыптармен байланысты өтіледі. Фонетика саласын өту кезінде жаттығуда сөздегі түсірілген әріпін жазу, түсірілген буынды қосып оқу немесе оны жазу тапсырмасын беруге болады.

а) Мақал-мәтелдің жартысын тауып жазыңыз:

1. Білекті бірді жығар,
   ------------------------------------ .

2. Өнерлі жігіт өрде озар,

----------------------------------- .

Мұндай жаттығуларды бұрын өтілген мақал-мәтелдерді бекіту, қайталау үшін қолдануға болады.

Мақал-мәтел құрамындағы бір сөзді ғана атап, сол сөзі бар мақал-мәтелді тапқызу. Мысалы, «өнер» сөзі бар мақал-мәтелді табыңыздар.

Морфологиямен байланысты мақал-мәтелді үйретуде мақал-мәтел құрамындағы сөздерді байланыстырушы қосымшалар тақырыпқа байланысты түсіріліп, оны қосып оқу немесе жазу жұмысын беруге болады.

Мысалы: 1. Жаттығудағы көп нүктенің орынына тиісті септік жалғауларын жазыңыз.

а) Қолда бар алтын... қадірі жоқ.

ә) Наданмен дос болғанша,

Кітап... дос бол, т.б

2. Жаттығудағы көп нүктенің орынына тәуелдік жалғауын қосып оқыңыз, мағынасын түсіндіріңіз.

а) Ел алғысын алсаң,

Елеулі... боларсың.

ә) Қыз..., саған айтам;

Келін.., сен тыңда.

Қандай жұмыс түрлері орындалса да, оның мағынасын түсіндіру, оны мәнерлеп оқу, сөзін дұрыс айтқызу жұмыстары үнемі жүргізіліп отыруы керек.

**Ораз САТЫБАЛДИЕВ,**
**Қаныш Сәтбаев атындағы**
**ҚазҰТУ профессоры, п.ғ.д.,**
**Назира МЕКЕБАЙ,**
**аға оқытушы.**

# ШЕКТЕРДІ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ БОЛАШАҚ МАТЕМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІН КӘСІБИ ЖҰМЫСТАРҒА ТӨСЕЛДІРУ

Болашақ математика мұғалімдерінің кәсіби-педагогикалық даярлықтарын көрсететін негізгі сипаттамаларының бірі – олардың келешекте оқытатын пәндерін өте жоғары деңгейде білуі. Математикалық немесе әдістемелік тұрғыдан болсын мұғалім материалдарды дұрыс, айқын, дәл баяндау үшін өзі сол материалдарды түсінуі, оны баяндаудың егжей-тегжейіне дейін білуі тиіс.

Болашақ мұғалімдер даярлайтын жоғары оқу орындарында математика курстарын оқытуда биік нәтижеге жетудің маңызды жолының бірі – студенттерге материалдарды жан-жақты баяндай білу іскерлігін үйрету. Бұл студенттердің шығармашылық-әдістемелік көзқарастарын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Математикалық ойлау мен мәдениеттің ерекше белгісі қатаң логикалық пайымдаулар болып табылады. Математиканы артық формализациялау көп жағдайда интуицияның дамуы мен материалдарды толық меңгеруге кедергі жасайды. Сондықтан математиканы оқытуда ғылыми немесе әдістемелік тұрғыдан қатаңдық деңгейлерін таңдау мәселесі өте маңызды. Материалдарды баяндаудың қатаңдық өлшемдерін дұрыс анықтау студенттердің ойлау қабілеті мен дайындық дәрежелерін және пайымдау деңгейлерін ескерудегі басты мәселе болып табылады.

Кәсіби-педагогикалық бағдарда оқытуды жүзеге асырудың қажетті шартының бірі – болашақ мұғалімдер даярлайтын жоғары оқу орындарының математикалық курстарындағы мектеп математикасының түсініктерін анықтау және мектеп оқулықтарын міндетті түрде қолдану мәселелері. Мектептегі енгізілген математикалық түсініктер бір жағынан қатаң логикалық формальды анықтамалар арқылы берілсе, екінші жағынан түсінікпен әрі қарай жұмыс істеуге мүмкіндік беретін мысалдардың көмегімен тұжырымдалады. Сондықтан болашақ мұғалімдер даярлайтын жоғары оқу орындарының студенттері белгілі бір теорияның түсініктерінің қатаң анықтамалары мен осы теорияны құрудың қатаңдығының арасындағы қатынастардан хабардар болуы керек. Ол үшін мектеп математика курсының мазмұнымен толық таныс болулары тиіс. Ал оған болашақ мұғалімдер даярлайтын жоғары оқу орындарындағы математикалық курстарды

оқытуда мектеп оқулықтарын пайдаланбай жету мүмкін емес. Оның үстіне мектеп оқулықтарын пайдалану студенттерді болашақта өздері меңгеруге тиіс іскерліктер мен дағдылардың көлемімен танысуға мүмкіндік береді, келешекте оқытатын материалдарды үйренуге қызығушылық тудырады және оларды терең, берік ұғындырады.

Біз бұл мақаламызда жоғарыда айтылған мәселелерді шектер арқылы жүзеге асыру жолдарын қарастырамыз.

Шек түсінігі мектепте арнайы мақсат үшін оқылмайды, ол тек туындыны енгізудің құралы ретінде пайдаланылады. Математика тарихында шекті анықтаудың бірнеше әдістері бар екені белгілі. Соларға қысқаша тоқтала кетелік.

1. Ең алғашқы рет $x_0$ шегіне үзіліссіз "ағатын" (жақындайтын) $x$ шамасының өздігінен өзгеруі ретіндегі $x$ айнымалы шамасының шегі туралы интуитивтік түсінікті XVII-XVIII ғасырлардың математиктері пайдаланды. Олар $x$ айнымалы шамасының өзгеруі $y = f(x)$ шамасының өзгеруін тудырады деп есептеді. Бұл анықтаманың қатаң емес жағын екінші орынға қойсақ, онда оның екі құнды жағы бар: біріншісі кейбір үдерістерді өрнектейтін математикадағы айнымалы шамаларды бейнелейді; екіншісі әрі тізбектің, әрі функцияның ақырсыз немесе нүктедегі шектері енетін шек туралы жалпы түсінік береді.

2. $x$ айнымалысы $x_1$-ге "ұмтылады" немесе "жақындайды" деген түсініктердің айқын, көрнекі математикалық мағынасын шектің

“$\varepsilon - \delta$” тіліндегі Коши анықтамасы береді. Бірінші анықтамаға қарағанда бұл анықтама қозғалыстың интуитивтік түсінігін пайдаланбайды. Дегенмен, бұл анықтаманың орнықты екендігіне қарамастан шектің әр түрлі анықтамаларын (тізбектің шегі, функцияның нүктедегі шегі, біржақты шектер) өзгеше түрде беруді талап етеді. Математикалық анализ курсында осыған байланысты шектің әр түрлі анықтамалары беріледі .

3. Ақырсыз аз шаманың көмегі арқылы берілген шектің анықтамасы. Мұнда алдын ала ақырсыз аз шама түсінігі енгізіледі.

4. Бағытталған жиын түсінігіне негізделген шектің анықтамасы. Бұл Шатуновский-Мор-Смит анықтамасы ретінде белгілі. Осы анықтаманы негізге ала отырып, мектептегі шектер теориясын құрудың варианты В.В.Рыжковтың жұмысында келтірілген. Осы айтылған анықтаманың маңыздылығы – шектің әр түрлі анықтамаларын тұтас етіп тұжырымдауында. Алайда соңғы жылдары мектептің математика пәнінде жиындар теориясы элементтерінің аз оқылуына байланысты бұл анықтама сабақта қолданылмайды.

5. Аймақ түсінігіне негізделген шектің геометриялық анықтамасы. Бұл анықтама, тізбектің шегі болсын, функциялық шегі болсын, барлық жағдайларды түгел қамтиды.

6. Функция шегінің Гейне бойынша анықтамасы. Бұл анықтамада алдын ала тізбек шегінің анықтамасы белгілі деп ұйғарылады. Сондықтан ол тізбектің шегінің анықтамасынан кейін ғана қарастырылады.

7. Фильтр түсінігіне негізделген шектің анықтамасы. Оны 1932 жылы Анри Картан ендірген.

Көптеген оқулықтарда шектің айқын анықтамасы көрсетілмей тек оның атауы (термині) ғана қолданылып, шек түсінігі интуитивті деңгейде беріледі. Кейбір оқулықтарда туынды түсінігін енгізуде, "ұмтылады" сөзінің артында жасырынып және шек түсінігі жабық (айқын емес) түрде қатынасып тұрғанына қарамастан, "шек" атауынан қашқақтайды. Дегенмен, онда шектерді есептеуге, мысалы, анықтама бойынша туындыны табу есептеріне көп көңіл бөлінген. Басқа оқулықтарда алдымен ақырсыз аз шаманың анықтамасын бере отырып, шек түсінігін баяндаудың жоғарыдағы үшінші вариантын таңдаған.

Түсініктерді үстірт, формальды түрде меңгеру оларды шатастыруға, терең түсінбеуге және дұрыс қолдана білмеуге алып келеді. Болашақ мұғалімдердің кәсіби мүдделері бүкіл енгізілген түсініктердің көлемі мен ғылыми мазмұнын толық аша отырып жан-жақты оқытуды талап етеді. Сондықтан математикалық анализ курсын оқытушы ұстаздар өз жұмыстарын енгізілген түсініктерді, олардың анықтамалары мен қасиеттерін студенттердің саналы меңгерулерін қамтамасыз етуге бағыттауы тиіс.

Мысалы, математикалық анализ курсының практикалық сабақтарында сан тізбегі шегінің анықтамасын оқыту арқылы түсініктің логикалық құрылымын қалай ашуға болатынын көрсетелік.

Бұл түсініктің мәнін келесі тапсырмалардың көмегімен айқындауға болады:

1. Айталық, тізбек шегінің анықтамасындағы "кез келген оң $\varepsilon$ үшін" деген сөйлемді "кез келген $\varepsilon$

үшін” деген сөйлеммен ауыстырып, студенттерден бұл жағдайда тізбек шегінің болу немесе болмау мәселесін ой елегінен өткізуді талап ету керек.

2. Жоғарыдағы сөйлемді “ең болмағанда бір оң $\varepsilon$ үшін” сөйлеммен ауыстырғанда $2,2,2,...2,...$ тізбегінің шегі $7$ саны болатынын дәлелдеп көрсету керек және студенттерге ол үшін $\varepsilon$-ды қандай етіп таңдап алу жөнінде сұрақ беру қажет.

3. Сол сияқты шектің анықтамасындағы “осындай натурал $N$ табылса” деген сөйлемді “барлық $N -$ äåð” үшін деген сөйлеммен алмастырғанда қандай тізбектердің шегі бар болатындығы туралы мәселелердің жауабын студенттерден талап ету керек.

4. Тізбек шегінің анықтамасындағы “$|a_n - a| < \varepsilon$ теңсіздігі орындалады” деген сөйлемді орынына “ $a_n - a < \varepsilon$ теңсіздігі орындалсын” деген сөйлеммен алмастырғанда $5$ санының $1,1,...,1,...$ тізбегінің шегі болатынын студенттерге дәлелдету керек..

5. Егер де $|a_n - a| < \varepsilon$ теңсіздігінің орынына $|a_n - a| \leq \varepsilon$ теңсіздігін алсақ, «Онда шектің анықтамасы өзгере ме, жоқ па?» деген сауалдарды студенттерге жиі қоюдың маңызы зор.

Осындай есептерді шығарта отырып, біз студент-терге ғылыми түсініктер тек олардың анықтамасын беруден тұрмайтыны, қайта ол түсініктердің мәнін көрсететін байланыстар мен қатынастарды ашудан және оларды нақты жағдайларда қолданудан тұра-тыны жөнінде мағлұмат береміз. Әрбір енгізілген жаңа түсініктермен жүргізілген осындай жұмыстар арқылы студенттер бұл түсініктердің мәнін терең

ұғады, оларды мектеп математика курсында енгізудің әдістемелерін меңгереді және оларды алдағы уақытта өз жұмыстарында дұрыс қолдана біледі.

Математикалық анализдің анықтамаларымен жұмыс істеу мектеп математика пәніндегі сәйкес анықтамаларды талдауға мүмкіндік береді, ал бұл студенттердің тиянақты кәсіби іскерліктерді алуына зор үлес қосады. Мысалы, осындай бір жұмысты функцияның нүктедегі шегінің анықтамасы арқылы (Коши бойынша) қалай жүзеге асыруға болатынын көрсетелік. Мектепке арналған әдістемелік әдебиеттерде шек түсінігін енгізудің төрт қатаңдық деңгейі айқындалған: бірінші деңгей қарапайым жағдайларда функцияның нүктедегі шегінің бар болуының геометриялық мағынасын ғана оқушылардың білуін; екінші деңгей $\lim\limits_{x\to x_0} f(x)=A$ жазуының $x_0$-ге жақын $x$-тер үшін $f(x)$-тің мәні $A$-ға жақын екендігін көрсететінін білуді; үшінші деңгей $\lim\limits_{x\to x_0} f(x)=A$ жазуының кез келген оң ε үшін $x_0$-ге жақын $x$-тің барлық мәндерінде $\left|f(x)-A\right|<\varepsilon$ теңсіздігінің орындалатынын білуді және төртінші деңгей шектің қатаң анықтамасын білуді талап етеді.

Математикалық анализдің практикалық сабақтарында функцияның нүктедегі шегінің Коши бойынша анықтамасын бере отырып, мектеп математика курсындағы “шек” түсінігін енгізудің әрбір деңгейлеріне талдау жасаған өте тиімді. Оны былай жүзеге асыруға болады: Алдымен жоғарыда көрсетілген тізбек шегінің анықтамасын тиянақтайтын жаттығуларға ұқсас тапсырмалардың

көмегі арқылы функцияның нүктедегі шегінің анықтамасының логикалық құрылымын беру керек. Әрі қарай келесі түрдегі тапсырмаларды қарастырған жөн:

1. Үшінші деңгейдегі шек түсінігі Коши бойынша шектің анықтамасымен қарама-қайшылықта болмайтындығын түсіндіріңіз.

2. Екінші қатаңдық деңгейіндегі: $x$-тің мәні $x_0$-ге өте жақын немесе $f(x)$-тің мәні $A$-ға өте жақын деген сөйлемдер нені білдіреді және т.б. сұрақтарды жиі қою керек.

Математикалық анализ курсында осындай есептерді шеше отырып, біз мектеп математика пәнімен ұласымдылықты жүзеге асырамыз, мектеп математика пәні мен математикалық анализ курсында функция шегінің анықтамасының тұтастығына, бірақ мектепте бұл анықтаманың қатаң емес, оқушылардың интуициясына және көрнекі түсініктерге сүйену арқылы берілетіндіктеріне студенттердің көздерін жеткіземіз.

Математикалық анализ курсында түсініктерді енгізудің абстрактылы-дедуктивтік әдісі басым. Бұл әдіс бойынша жаңа түсініктің анықтамасы бірден беріледі. Мысалы, осындай әдіс арқылы тізбек пен функция шегінің, метрикалық және мөлшерленген (нормированное) кеңістіктердің, т.б. анықтамалары беріледі.

Мектепте жаңа түсініктерді енгізудің нақтылы-индуктивтік әдісі қолданылады. Бұл әдіс бойынша жаңа түсініктер алдымен нақты мысалдар мен іс-әрекетті ойлау жолдары (талдау, салыстыру,

дерексіздеу, қорытындылау, синтездеу) арқылы қарастырылады.

Математикалық анализ курсында жоғарыдағы түсініктер (тізбек пен функцияның шегі) абстрактылы-дедуктивтік әдіс арқылы енгізіледі. Математикалық анализ курсында түсінікті нақтылы-индуктивтік әдіс арқылы енгізудің мысалы туынды түсінігін енгізу болып табылады. Берілген уақыттағы дене қозғалысының жылдамдығын табу және функцияның графигіне берілген нүктеде жанама жүргізу туралы нақты екі есепті қарастыра отырып, олардың шешімдерінің бір ғана операцияға, яғни, туындыны табу ережесіне алып келетінін көрсетеміз. Сөйтіп талдау синтез арқылы өтеді. Дифференциалдау деп аталынатын бір ғана операция ретінде қарастыратын белгілі төрт операциядан (абстракциялау) тұратын функция өсімшесінің аргумент өсімшесіне қатынасының шегін табуға келеміз. Сөйтіп абстракциядан қорытындыға, яғни, туындыны есептеу алгоритмін құруға көшеміз. Математикалық анализ курсында нақтылы-индуктивтік әдіс арқылы Риман, Лебег интегралдарын енгізуге болады.

Математикалық анализ курсында математикалық түсініктер мен теоремаларды жалпылау мәселелері қомақты орын алады.

Тізбек шегінің анықтамасын қарастыра отырып, оны бір айнымалының, одан соң көп айнымалылар функциясының, ең соңында метрикалық кеңістіктегі бейнелеулердің шегіне дейін жалпылаймыз. Сол сияқты Лебег интегралы Риман интегралының жалпылауы болып табылады.

Теорияларды құрғанда, көбінесе, қарапайым жағдайларды үйретуден бастаған жөн, себебі көп күрделі жағдайларды қарапайым жағдайларға келтіруге болатынын өз тәжірибемізден көріп жүрміз. Әрі қарапайым, сонымен қатар өте қажетті айнымалы шамалардың бірі – ақырсыз аз шамалар. Дифференциалдық және интегралдық есептеулердің ақырсыз аздар анализі деп аталуында үлкен мән бар. Олардың қолданылуларының тағы бір ыңғайлылығы – ақырсыз аздар класының қосу мен көбейту амалдарына қарағандағы тұйықтылығы. Ақырсыз аз шама арқылы функцияның ақырсыз шегінің анықтамасына көшу әдісіне тоқталалық. Ол үшін алдымен ақырсыз аз шаманың анықтамасын берелік.

Егер де кез келген $\varepsilon > 0$ саны үшін $M > 0$ саны табылып $|\alpha(x)| < \varepsilon$ теңсіздігі $x$-тің барлық $x > M$ мәндері үшін орындалса, онда $\alpha(x)$ шамасын ақырсыз аз шама деп атаймыз. Осылай $x$ шексіздікке ұмтылғанда ақырсыз аз шаманы анықтай отырып, функцияның шексіздіктегі ақырсыз шегінің анықтамасына көшу қиын емес. Өзімізге белгілі анықтама бойынша

$$\lim_{x \to +\infty} f(x) = b,$$

бұл деп отырғанымыз, $f(x) - b$ айырымы – ақырсыз аз шама. Мұндай құрылымның болашақ мұғалімдер даярлайтын жоғары оқу орындары үшін маңызды үш әдістемелік артықшылықтары бар:

біріншісі, ақырсыз аз шамалар туралы лемманың көрнекілігі;

екіншісі, негізгі анықтамаға (функцияның ақырсыз шегі) – алгоритмдік тәсіл. Шындығында,

$$\lim_{x \to +\infty} f(x) = b$$

екенін дәлелдеу қарапайым екі қадамды алгоритмнен тұрады: а) $f(x) - b$ айырымын құру; б) бұл айырымның ақырсыз аз екенін дәлелдеу;

үшіншісі, шектер туралы теоремаларды дәлелдеулердің оңайлығы. Мысал ретінде шектің жалғыздығы туралы теореманы дәлелделік. Айталық

$$\lim_{x \to +\infty} f(x) = a,$$

$$\lim_{x \to +\infty} f(x) = b$$

болсын және $a \neq b$ деп ұйғаралық. Онда

$$f(x) = a + \alpha(x), \quad f(x) = b + \beta(x),$$

мұндағы $\alpha(x)$ пен $\beta(x)$ – ақырсыз аз шамалар. Осыдан $a - b = \beta(x) - \alpha(x)$,

яғни, $a - b$ ақырсыз аз шама, сондықтан $a = b$ Бұл ұйғарымға қарама-қайшы, яғни, шектің жалғыздығын көрсетеді.

Сонымен, біздің көзқарасымыз бойынша, ақырсыз аздарды болашақ мұғалімдер даярлайтын жоғары оқу орындарында шектер теориясын үйретудің негізгі нысаны ретінде алуды жөн деп есептейміз. Оның үстіне ақырсыз аздарды осылай етіп таңдап алу математикалық анализдің тарихи даму жолына да сәйкес келеді.

**Жәудір НАҚЫСҚОЖАЕВА,**
**Жұлдыз ЖҰМАБАЕВА,**
**Лиза ӘЖІБЕК,**
**Алматы қаласындағы**
**Халықаралық қазақ-қытай**
**тіл академиясы колледжінің**
**оқытушылары.**

# «БАР ІЗГІЛІК БІЛІММЕНЕН АЛЫНАР, БІЛІММЕНЕН ӨМІРГЕ ЖОЛ САЛЫНАР»

**Мақсаты:** оқушылардың математика, физика, информатика, химия және тарих және география пәндеріне деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында «Аудама ісі» мамандықтарының 102 және 104 топтарының студенттерінің қатысуымен сабақтан тыс «Бар ізгілік білімменен алынар, білімменен өмірге жол салынар» атты интеллектуалдық турнир өткізіледі . Турнир алты турдан тұрады.

**Жүргізуші: -** Армысыздар, ардақты ұстаздар, құрметті оқушылар және сайыскерлер.

Бүгін біздің халықаралық қазақ-қытай тіл академиясы колледжінің жалпы білім беретін, арнайы пәндер бірлестігінің онкүндігіне орай «Аударма ісі» мамандығының 102 және 104

топтарының студенттерінің арасында өткізгелі отырған математика, физика, информатика, химия, география және тарих пәндері бойынша «Бар ізгілік білімменен алынар, білімменен өмірге жол салынар» атты инттелектуалдық білім сайысына қош келдіңіздер!

«Өмір деген – көк мұхиттың толқыны,
Бір-бірімен жатқан шулап,жалғасып,
Бір-бірімен жатқан тулап арбасып.
О, толқындар, арпалысып алға шық,
Өмір деген – мәңгі гүлдеп жататын
Құштарлықтың толғағы мен көктемі»,-

деп Төлеген Айбергенов ағамыз жырлағандай, өмірдің өзі – сайыс.

Шақырамыз, келіңдер жарысуға,
Күш,өнер,білімменен алысуға.
Бар өнерді салайық ортамызға,
Қанеки, кім шығады сайысуға.

Сіздерді декадаға шақырамыз,
Есеппен бастарыңызды қатырамыз.
Жалпы білім беретін пәндерді ұғындырып,
Аз да болса білімдеріңізді толтырамыз.

Жиналған ылғи дарындар,
Жүректе от, көздерінде жалын бар.
Білімді топты, халайық,
Қол соғып қарсы алайық.

Сонымен, ортаға алғыр да білімді сайыскерлерімізді шақырайық.

**Жүргізуші:**

- Ақты ақ деп, аққа жақ боп баға берер,
  Алқасы әділ-қазы – кемеңгерлер,
  Беріңіздер әділ бидей әділ баға,
  Шындықты ұрпақтарың сонда көрер.

Сайысымызды бастамас бұрын әділ-қазы алқасымен таныс болыңыздар:

1. Колледжіміздің директоры Талғат Мамырұлы.
2. Директордың бірінші орынбасары: Сәуле Әнуарқызы.
3. Директордың оқу- ісі жөніндегі орынбасары: Ғазиза Елесқызы.
4. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Қанат Рахманұлы.

Ал енді білім сайысының бөлімдерімен таныс болыңыздар.

Бүгінгі білім сайысы **6 турдан** тұрады.

**1-тур: «Топтардың өзін-өзі таныстыруы»** (ұраны, эмблемасы).

**2-тур «Бәйге»** деп аталады.

Бұл турда 6 пән бойынша қойылған сұрақтарға әрбір топ ауызша жауап беру керек.

**3-тур – «Полиглот».** Бұл турда сұрақтар мен жұмбақтардың шешуін тауып, топ мүшелері 4 тілде жауап беруі керек.

**4-тур: «Таңғажайып алтылық»** өз таңдауы бойынша 6 пәннің сұрақтарына ауызша жауап береді.

**5-тур: «Мақал – сөздің мәйегі»** деп аталатын жанкүйерлер сайысы. Математика, физика, тарих пәндерінің мақал-мәтелдерде кездесуі.

**6-тур:** Финал. **«Блиц-турнир»** атты топ басшыларының шапшаңдықтарын көрсететін сайысы.

Сайысқа қатысушы білімді де алғыр ойыншыларымызға ақ жол тілеп,

сайысымызды бастайық!

Сайысымыздың **бірінші туры** –

**«Әрбір топтың өзін-өзі таныстыруы, ұраны, эмблемасы».**

Өзін-өзі таныстыруға 3 минут уақыт беріледі.

Сайысымыздың екінші туры – **«Бәйге»** деп аталатын білім сайысы.

**II тур. «Бәйге»**

**Ойынның шарты:**

Сайысқа қатысушы әр топқа жеке-жеке 6 пән бойынша, яғни, математика, физика, химия, тарих, география және информатика пәндерінен араластырып 20 сұрақ қойылады. Жауаптарды ауызша түрде, нақты және тез айту керек Әрбір дұрыс жауап 1 ұпаймен бағаланады.

Жалпы, 20 сұраққа жауап беруге 2 минут уақыт беріледі.

Сұрақтар:

І топ.

**1.** Интеграл белгісін кім енгізді және қай жылы?

**(Лейбниц, 1675 жылы, бұл таңба латынның S әріпінің өзгерген түрі. )**

**2.** 1-ші космостық жылдамдық неге тең ***(8 км/сек)***

**3.** Ең жұмсақ металл?

***(Натрий)***

**4**. Еуропадағы жер көлемі ең кіші мемлекет? ***(Моноко***)

**5.** Дұрыс алты бұрыштың ішкі бұрыштарының қосындысы неге  тең?

**(720$^{0}$)**

**6**. Дыбыс толқындарын техникалық қабылдағыш қалай деп аталады? ***(Микрофон)***

**7.** Өшірілген объектілерді сақтайтын папка қалай аталады?  **(*Корзина)***

**8**. Жанатын пайдалы қазбалар?

***(Мұнай, газ,  көмір***)

**9**. Ауаның ылғалдылығын өлшейтін құрал қалай аталады?

**(*Психрометр)***

**10**. Орыстың қай атақты жазушысы университеттің физика-математика факультетін бітірген? (***А.С.Грибоедов)***

**11**. Компьютердің  «ақыл –ойы», ең басты бөлігі ***(процессор)***

**12.**10-11 сыныпқы арналған алгебра оқулығының авторы:

***(А.Н.Колмогоров)***

**13.** Витамин жетіспеуінен болатын ауру қалай аталады? ***(Авитаминоз)***

**14.** «Р» әрпінің математикалық және физикалық мағынасы қандай?

***(Периметр және салмақ, қысым)***

**15**. Ең алғашқы әйел математик кім? **(*С.Ковалевская)***

**16.**Изомерлер термині қандай мағынаны білдіреді? ***(“Изос”– бірдей, тең және “мерос” бөлшек, өлшем деген мағына береді)***

**17**. Қазақстан Республикасының елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қашан дүниеге келді?

***(1940 жылы 6 шілдеде)***

**18.** Геометрия терминінің мағынасы.

***(жер – өлшеу, грек).***

**19.** Адам мен монитор арасындағы қашықтық қанша болу қажет?

***(50-70 см)***

2**0**. Астың дәмін келтіретін тұздың формуласы **(*NaCl)***

Сұрақтар:

ІІ топ.

**1.** Кез келген санның нөл дәрежесі неге тең? ***(1)***

**2**. Экономикасы жағынан жоғары дамыған аймақ?

***(Батыс Еуропа).***

**3**. Компьютердің «ақыл –ойы», ең басты бөлігі ***(процессор)***

**4.** Аристотелъден кейінгі «Екінші ұстаз» атанған ғалым кім?

(***Әл Фараби)***

**5.** Қандай изопроцесстерді білесің?

***(изотермалық, изобаралық ,изохоралық, адиабаталық)***

**6**. Қағаздағы кескінді экранға шығаратын құрылғы

***(сканер)***

**7.** Жарық жылдамдығы неге тең**?**

***(300 000км/с)***

**8.** Химиялық элементтердің периодтық заңын кім және қашан ашқан?

***(Орыс химигі Д. И. Менделеев, 1869 жылы)***

**9.** Катализатор деген не?

***(Химиялық реакцияны жылдамдатады, бірақ өзі қатыспайды)***

**10.** Парсы патшасы Кирді жеңген сақ патшайымы. ***(Томирис )***

**11.** «С» әріпінен басталатын математикалық терминдерді ата .

(***Синус, сүйір, стереометрия, сектор, сәуле, сегмент, сынық, синусоида.)***

**12.** Алғашқы функция табу қандай амалға кері амал? ***(Туынды)***

**13.** МАГАТЭ қандай ұйым?

**(*Халықаралық атом энергиясының агенттігі)***

**14.** Жібек жолының Шығысқа шығатын негізгі қақпасы

***(Жетісу)***

**15.** “Ақын жанды болмасаңыз, математик те бола алмайсыз” деп айтқан орыстың әйел математигі ***(С. Ковалевская).***

**16.** Зат неше агрегаттық күйде кездеседі?

***(3 күйде: қатты, сұйық, газ)***

**17.** Ежелгі дәуірден жеткен жәдігерлер арқылы өткенді зерттейтін тарих ғылымының саласы.

***(Археология)***

**18.** Квадраттық функцияның графигі қалай аталады? **(*парабола)***

**19.** Ас тұзының формуласы

***(Na CI)***

**20.** Компьютерге мәтін енгізуге арналған құрылғы. **(*Пернетақта)***

**Жүргізуші:**

- Әділ-қазы алқасы сайысымыздың бірінші және екінші турларының қортындысын шығарғанша музыкалық үзіліс.

**Жүргізуші:**

**-** Сайыскерлердің алған ұпайларын, әділ қазы алқасы, айта кетсеңіздер.

**Жүргізуші:**

- Көрермен жиналған бұл тамашаға
Құр қарап жым отыру жараса ма?
Туыс, досқа, курстас, танысқа емес,
Соқ қолыңды білімді жас талапқа,–

дей отырып, сайысымыздың келесі бөліміне көшейік.

Сайысымыздың келесі **III туры – «Полиглот».**

Бұл турда 6 сұрақтар мен жұмбақтар жасырылады. Жұмбақтың шешуін айту үшін топ мүшелері 4 тілде жауап беруі керек, яғни, қазақ тілінде, орыс тілінде, ағылшын және қытай тілдерінде. Дұрыс жауап бере алмаған топтың орынына қарсы топ жауап берсе болады. Әрбір дұрыс жауап 1 ұпаймен бағаланады.

Ал кәне, білімді сайыскерлеріміздің тіл өнерін тамашалап көрелік!

III тур – Полиглот.

I топ үшін.

1. Ашылады, жабылады,
Іздегенің табылады.
Байқатпай-ақ биіктетер,
Бүкіл елге сүйікті етер.

**(Кітап, книга, a book, .....)**

2. Оңынан да, солынан да қазақша оқығанда сол сөз шығатын сан?

**(қырық, сорок, forty, .....)**

3. Қарап тұрсаң өзіңе,
Сурет түсер көзіңе.
Ұқсайды, оған қарасаң,
Дәл қазіргі өзіңе.

**(айна, зеркало, a mirror ......)**

4. Бір үйде тұрады екен елу батыр,
Үй сыртына сүйкенсе-ақ өліп жатыр.

**(Сіріңке, спичка, matgh)**

5. Колледжде қытай тілінен сабақ беретін қанша оқытушы бар?

**(бес, пять,.......)**

6. Өзі сөйлей білмейді,
Салған ізі сөйлейді.

**(Қалам, ручка, .......)**

II топ үшін.

1. Жоқ өзінде бас та, қас та, мойын да,
Ұзындығы жазулы тұр бойында.

**(Сызғыш, линейка, .......)**

2. Өзі сөйлей білмейді,
Ұқыптылыққа үндейді.
«Дер кезінде тұр» -дейді,
«Шаруаңды біл» -дейді.

**(Сағат, часы, a clock .....)**

3. Қандай санның жазылуында қанша әріп болса, сонша цифр бар?

**(он, десять, ten .....)** немесе **(жүз, сто, ......)**

4. Суға салсаң, батпайды,
Отқа салсаң жанбайды.

**(Мұз, лед, ice ......)**

5. Информатика кабинетінде қанша компьтер бар? (

6. Алты қырлы, алты сырлы

**(Қарындаш, карандаш,.......)**

**Жүргізуші:**

**-** Әділ-қазы алқасы, 3-ші турдың қорытындысын хабарлап жіберсеңіздер.

Дайын болмаса, музыкалық үзіліс.

**Жүргізуші:**

**-** Сайысымыздың келесі 4-кезеңі **«Ғажайып алтылық »** деп аталады.

Бұл кезеңде 2 топтың басшылары берілген 6 пәндерді үш-үштен өз қалаулары бойынша кезектесе отырып таңдауы керек. Таңдаған пәндерінің ұяшықтарын ашып, сұрақтарға тобының мүшелерімен бірігіп жауап береді.

Сұрақтар күрделілігіне байланысты 10, 20, 30 ұпайлық. Әрбір сұраққа 10 секунд уақыт беріледі. Дұрыс жауап бере алмаған топтың сұрағына келесі

топ жауап беруге болады.

Олай болса іске сәт дей отырып, сайысымызды бастайық.

**IV тур – Ғажайып алтылық.**

**Математика пәнінің сұрақтары:**

10 ұпайлық сұрақтар:

Шеңбердің үлкен хордасы не деп аталады? **(Диаметр)**

20 ұпайлық сұрақтар:

«П» әріпімен басталатын 7 математикалық сөздерді ата.

**(пирамида, планиметрия, параллель, перпендикуляр, парабола, плюс, параллелограмм)**

30 ұпайлық сұрақтар:

Екі санның қосындысы 8-ге тең, айырмасы 2-ге, ал көбейтіндісі 15-ке тең. Олар қандай сандар?

**(5 пен 3)**

Химия пәнінің сұрақтары:

10 ұпайлық сұрақтар:

10 сыныпқа арналған “Химия” оқулығының авторы

**(*Нұрахметов, Бекішев Құрманәлі Бекішұлы, Заграничная Н.)***

20 ұпайлық сұрақтар:

Реакция жылдамдығын арттыратын, бірақ реакция соңында өзгеріссіз қалатын зат **(*Катализатор)***

30 ұпайлық сұрақтар:

1. Құрамдары бірдей, құрылыстары әр түрлі, соған байланысты қасиеттері де әр түрлі болатын заттар қалай аталады? ***(Изомерлер)***

Тарих пәнінің сұрақтары:

10 ұпайлық сұрақтар:

1. ҚР-ның мемлекеттік Елтаңбасы мен Туы қашан қабылданды, авторлары кімдер?

***(1992ж. 4 маусым. Елтаңба авторы – сәулетшілер: Жандарбек Мәлібеков, Шот-Аман Уәлиханов. Ту авторы: Шәкен Ниязбеков.***

20 ұпайлық сұрақтар:

Қазақстанның тәуелсіздігін бірінші болып мойындаған қай мемлекет?

***(Турция)***

30 ұпайлық сұрақтар:

КСРО-ның соңғы президенті кім болды?

***(М.С.Горбачев)***

Физика пәнінің сұрақтары:

10 ұпайлық сұрақтар:

Күн энергиясы жерге жылу берілудің қандай тәсілі бойынша жеткізіледі?

***(Сәуле шығару)***

20 ұпайлық сұрақтар:

Қандай үш физикалық шама бір өлшеммен алынады?

***(Жұмыс, жылу мөлшері, ішкі энергия -- Дж)***

30 ұпайлық сұрақтар:

Энергияның айналу және сақталу заңын кім ашты?

**(М.Ломоносов)**

Информатика пәнінің сұрақтары:

10 ұпайлық сұрақтар:

Интернетке телефон арқылы шығу құрылғысы. **(Модем)**

20 ұпайлық сұрақтар:

Компьютердің атасы кім ?

**(Чарльз Бэббидж)**

30 ұпайлық сұрақтар:

Бір килобайт қанша байтқа тең?

**(1024 байт)**

**География пәнінің сұрақтары:**

10 ұпайлық сұрақтар:

Атмосфераның жер бетінен ең жақын қабаты? **(*Тропосфера)***

20 ұпайлық сұрақтар:

Саяси картадағы соңғы өзгерістер қашан болды? ***(1990 жылы)***

30 ұпайлық сұрақтар:

Әлем халқының саны қандай факторлардың нәтижесінде қалыптасады?

***(Табиғи динамика мен миграциялық іс-әрекеттер)***

**Жүргізуші:**

**-** Ал ендігі кезекте, «Мақал – сөздің мәйегі» демекші, сайысымыздың

5-туры – жанкүйерлер сайысы. Математика, физика, тарих пәндерінің мақал-мәтелдерде кездесуі. Сайыстың шарты:

Айтылған мақал-мәтелдер осы пәндермен байланысу керек және әрбір айтылған мақалға бір ұпайдан беріледі және ол ұпай саны өз таңдаған топтарыңызға қосылады.

**V тур: Мақал – сөздің мәйегі.**

1. Жеті рет өлшеп,бір рет кес.
2. Білекті бірді жығар,
 Білімді мыңды жығар, т.б.
3. (30)Тістен шыққан сөз, (30) рулы елге жайылады.
4. Жігіт адамға (70) өнер де аз.
5. Алтау ала болса, ауыздағы кетеді;
 Төртеу түгел болса, төбедегі келеді.
6. (50) жылда – ел жаңа
7. (100) сом ақшаң болғанша,
 (100) жолдасың болсын.
8. Бесік баласы (5) түлейді.
9. (90) ауыз сөздің
 Тобықтай түйіні бар.

**Жүргізуші:**

**-** Ал енді «Мақал – сөздің мәйегі» атты сайыстың қорытындысын тыңдалық.

**Жүргізуші:**

**-** Ендігі сайысымыздың ең шешуші кезеңі, 6-шы турымыз – «Брейн ринг» деп аталатын топ басшыларының тапқырлығын, шапшаңдығын білімділігін байқап көретін сайыс.Сайыстың шарты:

Топ басшыларына бүгінгі қарастырып отырған пәндер бойынша викториналық сұрақтар қойылады, жауапты тез, шапшаң беру керек. Бұл жерде 1 минутта топ жетекшілерінің қанша сұраққа дұрыс жауап бергені ескеріледі. Ал, олай болса, топ жетекшілеріне сәттілік тілеп, ортаға шақырайық.

VI тур – БРЕЙН РИНГ.

I. «КІМ ЖЫЛДАМ?» (викториналық сұрақтар):

1. Ағылшын ғалымы Исаак Ньютонның бүкіләлемдік тартылыс заңын ашуына не себеп болды? /алма/

2. Заттың ең кішкентай бөлігі? /атом/

3. Физика не туралы ғылым? /табиғат/

4. Ток күшінің өлшем бірлігі? /Ампер/

5. Темірқазық жұлдызын басқаша қалай атайды? /Жетіқарақшы/

6. Жұмыстың халықаралық жүйедегі өлшем бірлігі? /джоуль/

7. Физиканың жылу құбылыстарын зерттейтін бөлімі /Термодинамика/

8. Аттас зарядтар не істейді? (Тебіледі)

9. $13^2$ неге тең? (169)

10. Тригонометриялық функциялардың ішінде қай функция жұп? (Косинус)

11 .$0^0$ - тан үлкен, $90^0$- тан кіші бұрыштар қалай аталады? (Сүйір бұрыш)

12. tg $45^0$ неге тең? (1)

13. Екі қабырғасы тең болатын үшбұрыш қалай аталады? (Тең бүйірлі үшбұрыш)

14. Шайқалғанда қопарылыс беретін көпатомды спиртті атаңыз. *(Глицерин)*

15. Мидың жұмысын нашарлататын, бауыр клеткаларын зақымдап, бауыр церрозына соқтыратын спирт *(Этанол (этил спирті)*

16. Органикалық қосылыстардағы көміртектің валенттілігі *IV (төрт)*

17. Гевея ағашынан алынатын зат

(*Көксағыз (каучук))*

18. Каучукке күкірт қосып қыздыру процесі (*Вулканизация)*

19. Ароматкөмірсутектердің ең қарапайым өкілі (*Бензол* ($C_6H_6$)

20. Реакция жылдамдығын кемітетін, бірақ соңында өзі өзгеріссіз қалатын зат

(*Ингибитор)*

21. Ең алғаш жасанды жолмен көксағыз алуды ұсынған ғалым

*(Орыс химигі С.В.Лебедев )*

22. 11 сыныпқа арналған "Химия" оқулығының авторлары

*(Жұмадилова Роза, Әлімжанова Сақыпжамал )*

23. Барлық заттар неден құралады?

*(Молекулалар мен атомдардан)*

24. Абылай ханның шын есімі*:*

*(Әбілмансұр )*

25. Қазақ хандығының негізін салушылар: *(Жәнібек пен Керей)*

26. Интернетке телефон арқылы шығу құрылғысы. *(Модем)*

27.$4^4$ нені береді? *(256)*

28. Бағытымен де, сан мәнімен де анықталатын шама? (*Вектор)*

29 .1-дің алғашқы функциясы неге тең? *(x)*

30. Қуаттың өлшем бірлігі? *(Ватт)*

БРЕЙН РИНГ.

**II. «КІМ ЖЫЛДАМ?» (викториналық сұрақтар):**

1. «Интеграл» терминінің мағынасы не? *(Қайта қалпына келтіру)*

2. $25^2$ неге тең? *( 625)*

3. Синус функциясының алғашқы функциясы неге тең? *(- cos x)*

4. Ток күшінің өлшем бірлігі? *(Ампер)*

5. Вулканизация нәтижесінде алынатын өнім — (*Резеңке)*

6. 1% ерітіндісі жүрек-қан тамырларын кеңітетін дәрі ретінде қолданылады? (*Тринитроглицерин)*

7. Киелі сан. *(7)*

8. 100-iң ½-і. *(50)*

9. Массаның төрт өлшем бірлігі. *(кг, г, т, ц)*

10. Ең кіші натурал сан. *(1)*

11. sin $30^0$ неге тең? *(1/2)*

12. Әр аттас зарядтар не істейді? *(Тартылады)*

13.Сақинасы бар планета? *(Сатурн)*

14. 5 санының туындысы неге тең? *(0)*

15. Жылдамдықтың өлшем бірлігі *(м/с)*

16. Алғашқы функцияны табудың неше ережесі бар? *(3)*

17. Тұйық тізбек үшін арналған кімнің заңы? *(Ом)*

18. Бір таңбалы санға дәл сондай санды тіркеп жазса, сан неше есе өседі? *(11 есе)*

19. Отырар әміршісі:

*(Қайыр хан)*

20. 1975 жылы Алматыда жарық көрген «Аз и Я» атты еңбектің авторы:

*(О. Сүлейменов)*

21. Орта ғасырда қазақтар Марсты қалай атаған? *(Қызыл жұлдыз)*

22. Бүкілқазақтық Алашорда Кеңесінің төрағасы:

*(Ә.Бөкейханов)*

23. Қандай галоген бактерияларды өлтіріп, денсаулығымызды қорғайды?

*(Хлор)*

24. Қан аздық ауруы кезінде қандай элемент жетіспейді?

*(Темір)*

25. Перне тақта неше блоктан тұрады? *(4)*

26. Бір килобайт қанша байтқа тең?

*(1024 байт)*

27. Келесі жолға өту пернесі?

*(Enter)*

28. Ацетиленнен $Hg^{2+}$ тұзы қатысында ең алғаш этаналь алған ғалым

(*М. Г. Кучеров)*

29. $5^3$ нешені береді? *(125)*

30. Анықталған интегралды есептеуге арналған кімнің формуласы?

*(Ньютон-Лейбниц формуласы)*

**Жүргізуші:**

- Білім деген – биік шың,
Бақытқа сені жеткізер.
Білім деген – ақылшың
Қиындықтан өткізер!-

деп бүгінгі «Бар ізгілік білімменен алынар, білімменен өмірге жол салынар» атты білім сайысымызды аяқтай отырып, соңғы актық қорытынды сөз кезегін колледж директоры Талғат Мамырұлы мен директордың бірінші орынбасары Сәуле Әнуарқызына береміз.

**Жүргізуші:**

- Бұл сайысты көптен біздер күткенбіз,
Жалындаған жастармыз біз, көктембіз.
Мақсатымыз – биіктерден көріну,
Біз сол үшін маңдай терді төккенбіз.
Армандарға қол созумен келеміз,
Өмір-теңіз,жүзіп келеді кемеміз.
Білімменен қаруланған жастармыз,
Қарсыласты қалайда біз жеңеміз!-

дей отырып, бүгінгі «Бар ізгілік білімменен алынар, Білімменен өмірге жол салынар» атты білім сайысында өздерін тапқырлығымен, шапшаңдығымен көрсете білген жеңімпаз топты шын жүректен құттықтай отырып, сайысқа белсене қатысқан «Аударма ісі» мамандықтарының 1-курс студенттеріне рахметімізді айтамыз.

**Айгүл ТҰРАРБЕКҚЫЗЫ,**
**Шығыс Қазақстан облысының**
**Семей қаласындағы**
**№15 орта мектептің мұғалімі.**

# ТІЛДІ ДАМЫТУ – ОЙДЫ ДАМЫТУ

*(8-сынып)*

**Сабақтың мақсаты:** өтілген материалдармен сабақты байланыстыра отырып, оқушылардың сөйлемді дұрыс құру тәсілдерін, байланыс түрлерін меңгерту, өз ойын жинақы көркем тілмен жеткізе білуге ұмтылдыру.

**Білімділік міндеті:** өтілген тақырыптар бойынша білімдерін еске түсіріп пысықтау; д**амытушылық міндеті:** ойын арқылы оқушының ойын дамыту, тапқырлық, іздемпаздық, шығармашылық қасиет-терге жетелеп, тіл байлығын жетілдіру; **тәрбиелік міндеті:** тіл құдіретін сезіне білуге, сөз мағынасын келістіре құбылтып, мейлінше дұрыс қолданып, дәл түсінуге, өз тілін, елін қадірлеуге тәрбиелеу.

**Түрі:** сайыс сабақ. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, музыка, математика.

**Көрнекілігі:** сандықша, кәртішкелер, тақырып жазылған плакат, магнитофон. **Әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, грамматикалық талдау, дамыта оқыту. **Оқу формалары:** оқулықпен жаттығу әдісі, шығармашылық әдіс.

**Сабақтың барысы.**

**І. Ұйымдастыру.**

А) оқушыларға сабақтың тақырыбы, мақсаты түсіндіріледі.

Ә) сынып оқушылары екі топқа бөлініп, әр топ өздерінің тобының атын, ұранын таныстырады.

Б) оқушылар бір-біріне жағымды көңіл-күй туғызып, жақсы тілектер айтады. Бағалау парағы арқылы сабақ соңында өздерін бағалайды.

Қазылар алқасы оқушы еңбегін 5 ұпайлық жүйемен бағалап, сайыс соңынан жеңімпаз топ анықталады.

**ІІ. Сайыстың барысы:**

Топтардың өздерін таныстыруы. Тілек айту.

А) «Білім» тобы. Ұраны: «Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ».

Ә) «Ғылым» тобы. Ұраны: «Ғылым таппай мақтанба, орын таппай баптанба».

**«КІМ КӨП БІЛЕДІ?»**

Алған білімдерін тексеру мақсатында синтаксис саласы бойынша сөз тіркесінің байланысу тәсілдері мен түрлерінен бір-біріне сұрақ қояды.

(Қолданылатын әдіс: сұрақ-жауап)

**«МЕН ЖАҚСЫ ТАЛДАЙМЫН»**

Сатылай кешенді талдау әдісімен сандықшадан тапсырма жазылған кәртішкелер алады да, тақтаға 4 оқушы жарысып талдайды.

(Қолданылатын әдіс: грамматикалық талдау, жеке, топпен жұмыс әдісі)

Қалған топтағы оқушыларға дәптерге 263-жаттығудағы соңғы азат жолдағы (абзацтағы) екі

сөйлемге сатылай талдау түрінде синтаксистік талдау жасату.

(Қолданылатын әдіс: оқулықпен жұмыс, жаттығу әдісі)

**«ЖАҢЫЛДЫРСАҢ ДА ЖАҢЫЛМАЙМЫН»**

Бір-біріне жаңылтпаш айтып, қарама-қарсы топ қайталау керек.

(Әдісі: тіл – ой дамыту әдісі)

**«МАҒЫНАСЫН ТАП!»**

Бір-біріне тұрақты сөз тіркесін айтып, мағынасын табады.

**«КІМ ТЕЗ ТАУЫП ЖАЗА АЛАДЫ?»**

Топ басшыларының сайысы. Тақтаға есімді, етістікті тіркеске 3 минутта жарысып мысал жазу.

**ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТАПСЫРМА**

«Туған жерім – тұғырым» тақырыбында жазылған ұйқастарға қарап бір шумақ өлең шығару.

**1-топқа:**

... ... ... балаң,
... ... ... далам.
... ... .. кеше гөр,
... ... ... анам.

**2-топқа:**

... ... ... туған жер,
... ... ... өсірер.
... ... ... сен болдың,
... ... ... кешірер.

**ІІІ. Қорытындылау.** Әділқазылар шешімі.

**Бағалау.**

**Үйге тапсырма.**

266-жаттығу – жазбаша.

268-жаттығу – ауызша.

Шығармашылық тапсырма: «Тәуелсіздігім - тірегім» тақырыбында шағын шығарма жазу.

## Сарапшылар қорытындысы

| Р/с | Сайыс түрлері | «Білім» тобының бағасы | «Ғылым» тобының бағасы |
|---|---|---|---|
| 1. | Топтың таныстыруы. | | |
| 2. | «Кім көп біледі?» Өткен материалды меңгеруі бойынша сұрақ қою. | | |
| 3. | «Мен жақсы талдаймын». Сатылай кешенді талдау әдісімен грамматикалық талдаулар. | | |
| 4. | «Жаңылдырсаң да жаңылмаймын». Жаңылтпаштар сайысы. | | |
| 5. | «Мағынасын тап!» Тұрақты сөз тіркестерінің мағынасын ашу. | | |
| 6. | «Кім тез тауып жаза алады?» Топ басшыларының сайысы. | | |
| 7. | Шығармашылық тапсырма: | | |
| 8. | Сабаққа пікір: | | |

Бағалау парағы топ ______________________________

| р/с | Оқушының аты-жөні | Ассистент бағасы | Өзін-өзі бағалау | Мұғалім бағасы | Қорытынды баға |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. | | | | | |
| 2. | | | | | |
| 3. | | | | | |

**Серғазы ӘБІЛМАЖАНОВ,**
**Б.Момышұлы атындағы**
**жалпы орта мектебінің**
**қазақ тілі мен әдебиеті**
**пәнінің мұғалімі.**
Оңтүстік Қазақстан облысы,
Түлкібас ауданы.

# ЖАЗБА ЖҰМЫСТАРЫН АЛУ ӘДІСТЕМЕСІ

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытудың мақсаты мен міндеттерін бәріміз білеміз.Оқушы сауаттылығын арттыруға ерекше назар аударған жөн. Ол оңай шаруа емес. Мектепте оқушылармен жүргізілетін жазба жұмыстарының түрлері көп. Ең бастылары – диктант, мазмұндама және шығарма. Мен 32 жылдық педагогикалық өтілі бар жоғары санатты ұстаз ретінде өз тәжірибемді әріптестеріммен, әсіресе, жас ұстаздармен бөліскенді және ортаға салғанды жөн көріп отырмын. Бұл мақалада айтылғандар – ҚР білім және ғылым министрлігінің бір жылдары жіберген «Қазақ тілі мен әдебиетінен қазақ тілінде оқытатын мектептердегі жазбаша бітіру емтихандарына қойылатын талаптар мен бағалау өлшемдері» атты ресми құжаттан өзгешелеу, өзімнің көп жылғы

тәжірибемнен алынған ой-тұжырымдар. Осы жағын ескерулеріңізді сұранамын.

Барлық жазба жұмысын алғанда, ең басты ескеретін нәрсе, ең бірінші – оның жыл бойғы немесе оқу тоқсанындағы алыну жиілілігіне назар аудару болып табылады. Оқу жылында неше рет алынады, қалыпты мөлшері сақтала ма? Екінші, әр сыныпқа арналған сөз саны, ондағы емле, тыныс белгілер аукымы мөлшерлі қалыпқа сай ма,бағалау өлшемдері сақтала ма? Әр мұғалім осы жоғарыдағы талаптарды міндетті түрде білуі және оны бұлжытпай орындауы керек.

**Диктант** алу – өтілген материалдар бойынша оқушының теориялық білімін, тақырыпты қалай меңгергенін, сауаттылығын, каллиграфиясын бақылау деген сөз. Диктант мәтінін оқымас бұрын оқушыларға оның тақырыбы, кімнің, қай шығармасынан алынғаны, мазмұны, сөз саны, қандай материалға байланысты алынатыны туралы қысқаша мәлімет бере кеткен тиімді.

Мәтін асықпай бір оқылған соң, бұрын кездеспеген, жазылуы қиын сөздер туралы түсінік беріледі және тақтаға жазылып қойылады. Оқушыларға бұл мәтінде неше азат жол (абзац) бар екенін анықтату керек. Көбінесе, оқушылар мәтінде неше азат жол (абзац) бар екенін білмейді, мұғалімдер жазғызу барысында өздері айтып, ескертіп тұрады, сөйтіп жаман үйретеді. Бұл – дұрыс емес. Азат жол деген не? Оны қалай анықтау керек екенін ағымдағы сабақ

барысында  оқушыларға кеңінен айтылуы керек. Бір мәтінде бірнеше азат жол болатыны, әр азат жолда бір-бірімен байланысқан бөлек іс-әрекет болатыны, ой айтылатыны нақты мысалдар арқылы түсіндірілуі қажет.

Бұдан соң мұғалім диктант мәтінін оқуға, оқушылар жазуға кіріседі. Алдымен сөйлем тұтастай оқылады. Бұл кезде оқушылар жазбайды, тек мұқият тыңдап, сөйлемнің түрі мен құрылысына, сөздердің жасалуына, кейбір сөздердің ерекшелігіне назар аударып отырады. Мұғалім екінші рет бунаққа бөліп оқи бастағанда, жазуға кіріседі. Мүмкіндігінше, оқушылар сөйлемді тұтастай есте сақтап қалуға тырысу керек. Бұл жерде, тәжірибеден байқалғандай, кейбір оқушылар үлгере алмай, сұрағыштап отырады. Бұған аса мән бермей, асықпауын, қайталап оқитыныңды, сыныпқа әсер етпеуін жайлап ескерту қажет. Ұстаз мәтінді ортаңғы қатардың алдында түрегеліп тұрып,  оқушының бәрі түгел әрі анық еститіндей етіп оқуы тиіс. Мұғалім орфоэпиясымен оқыса, оқушы орфография бойынша жазады. Кейбір көп әріптен( буыннан) тұратын сөздерді іштей буынға бөліп отырып жазу қате жібермеуге көмектеседі. Бұны да оқушы қаперіне салып қойған жөн. Сынып жоғарылаған сайын оқу қарқыны да артады, оқушы оған ілесіп, тез, таза әрі қатесіз жазып дағдылануы тиіс. Диктант бір-ақ рет жазылады, оны қайта көшіртуге жол берілмейді.

Мұғалім диктант жазғызу барысында кейбір

сөздердің мағынасын оқушыға түсіндіріп отыруы тиіс. Мен оқушыға өзің мағынасын түсінбейтін сөзді естілуі бойынша жаза берме, мағынасын сұрап ал деп ескертіп қоямын. Бұл жерде шәкірттерге сауаттылықты үйретумен қатар, жан-жақты білім мен тәрбие де беріліп отыруы тиіс. Мысалы, мәтінде «қорамсақ» сөзі кездесті делік. Оқушыға ол сөздің көне сөз екендігін, жаугершілік заманда жауға қарсы аттанған жауынгерлердің садағының оқтарын –жебелерін салатын жарақ екені туралы мағлұмат беріледі. Тіпті, бүгінгі оқушыға одан соң «садақ», «жебе»туралы да түсіндіруге тура келеді. Сонымен қатар, оқушы каллиграфиясының дұрыс болуы да назарда ұсталынады. Диктант мәтіні түгел жазылып болған соң, басынан бастап қайта, бұл жолы баяу оқылады. Оқушылар өз жұмыстарын өздері тексеріп шығады, жанындағы оқушыдан қарамайды. Диктант келесі сабаққа дейін тексеріліп, сынып журналына түсірілуі тиіс. Келесі сабақта қатемен жұмыс жасалынады. Оны мұғалім түрлі формада ұйымдастыруына болады: сол сөзді көшірту, ережені қайта түсіндіру, т.б. Осы жерде айтып кететін бір жайт: оқушыға дефис пен сызықшаның айырмашылығын айтып, түсіндіреміз. Сызықша – тыныс белгі, ол ұзындау болып сызылады, ал дефис тыныс белгіге жатпайды, жарты сызықшадай болады деп түсіндіру және қадағалап отыру қажет. Біз, мұғалімдер, осыған аса мән бере бермейміз, сызықшаны да сызықша, дефисті де сызықша деп

кете береміз. Осындайдың салдарынан бір жылдары ҰБТ кезінде бір үміткердің  бір балы жетпей, «Алтын белгі» ала алмай қалғанының куәсы болғанымыз бар. Бұған, әрине, оқытқан мұғалімі кінәлі. Диктанттың бірнеше түрі бар. Мен бұл жерде бақылау диктантын қалай алу керектігіне тоқталдым.

Диктант тексеріледі, емле, тыныс белгі қателері жіктеліп көрсетіледі, сонан соң баға қойылады. Кейде бағасын қойып алып, сонан соң қате санын көрсетеміз, бұл – дұрыс емес. Мемлекеттік емтиханда «үздік»және «қанағаттанарлықсыз» баға қойылған диктант жұмысына рецензия(қысқаша пікір) жазылмайды.

**Мазмұндамада** берілген мәтінді оқып шығып, мазұнын жазу, сөйлемді дұрыс, шебер құрау, ойды жеткізе білу басты назарда ұсталынады. Мазмұндама мәтіні алдымен бірнеше рет оқылып, сонан соң мазмұндалады. Сыныптағы үздік оқитын бір-екі оқушыға мазмұндатып көруге,үлгі етуге болады. Қиын және тірек сөздер тақтаға жазылады. Оқушылармен бірге мазмұндау жоспары түзіліп, тақтаға жазылып қойылады. Оқушылар мазмұндама жазу барысында осы жоспарды басшылыққа алады. Мазмұндама мәтінінен шығып кетуге болмайды, артық-ауыс сөздердің қажеті жоқ. Мақсат – дұрыс мазмұндай білу, ойды дәл, анық жеткізу, сөйлемдерді дұрыс құрау, ой, сөз қайталауға жол бермеу, сөздерді шебер байланыстырып, дұрыс сөйлем құрау.

Мазмұндамаға екі баға қойылуы тиіс: алғашқысы – мазмұны мен көркемдік сапасы, тіл шұрайлылығы үшін, екіншісі – грамматикалық сауаттылығына. Бастауыш сыныптарда мазмұны мен сауаттылығын ескере отырып,бір баға қоюға да болады. Мазмұндама, шығарма жазғанда, бірден бастап кетпей, оқушы алдымен не жазатынын ойлап, ойда құрап алып, сонан соң ғана дәптер бетіне түсіру қажет. Мазмұндама 1-2 күн ішінде тексеріліп, сынып журналына қойылады.

**Шығарма** – диктант пен мазмұндамаға қарағанда,күрделі жазба жұмыстарының бірі.

Шығарма жазуға үйрету негізінен 5-сыныптан басталады. Шығарманың екі түрі болады: өтілген бағдарламалық материалдар бойынша және еркін тақырыпта. Тақырыпқа сай эпиграф жазылып қойылса, нұр үстіне нұр болар еді. Эпиграф дегеніміз не? Ол –шығармада не туралы жазатыныңды бір ауыз сөзбен білдіру. Оған дәйексөздерді, өлең шумақтарын, мақал-мәтелдерді алуға болады, бірақ нақты, қысқа,бас-аяғы жұп-жұмыр болуы шарт. Қайдан, кімнен алынғанын көрсету маңызды. Шығармаға жоспар құрылады, ол ойды жүйелі жеткізу үшін қажет. Жақсы құрылған жоспар жарты шығармаға татиды. Жоспарсыз шығарма да болуы мүмкін. Меніңше,егер жақсы жазылып, тақырып мазмұны толық ашылса, жұмыс шығарма жазуға қойылатын негізгі талаптарға сай келсе, жоспары жоқ

деп бағасын төмендетуге болмайды. Шығарманың жоспары жай жоспар және күрделі жоспар болып екіге бөлінеді. Күрделі жоспардың кіріспе бөліміне, қорытынды бөліміне де тақырыпша қоюға болады. Ал негізгі бөлім үш тақырыпшадан кем болмау керек. Шығарма жоспарының бөлімдері рим цифрымен, ал тақырыпшалар араб цифрымен белгіленеді. Шығарманы қалай рәсімдеу керектігі жөнінде кезінде ҚР Білім және ғылам министрлігінің қызметкері Р.Баттал кеңірек түсініктеме берген болатын. Шығарма бөлімдерін бір-бірінен тақырыпшамен бөліп тастауға болмайды, олар азат жолдан жазылып, байланысып кете береді.

Шығарманы оқушы былайша жазғаны дұрыс. Жоғары сыныптарда шығармаға қатарынан екі сағат уақыт беріледі және сыныпта жазылады. Алдымен жай (черновик) параққа жазылады. Алғашқы сағатында оқушы бар білгенін жазады, ойындағысының бәрін ақтарады. Екінші сағатында жоспар бойынша оқи отырып, қосатынын қосады, артық жерін қысқартады, яғни, тақырып мазмұнының ашылуын басты мақсат етіп қояды. Сөйлемнің стильдік құрылысына, көркемдік ерекшелігіне мән береді. Емле, тыныс белгі қателерін қарап, түзетеді. Сонан соң ғана жазба жұмыс дәптеріне таза, ұқыпты етіп көшіреді. Шығарма деп аты айтып тұрғандай, оқушы шығарма жазғанда, қосымша материалды пайдалануы мүмкін, бірақ оқулықтан, кітаптан, газет-журналдардан көшіруге жол берілмейді. Ойын өз сөзімен жазады. Оқушының

білімі, материалды меңгергені, туындыны оқығаны, өзінше ой түйіндей білуі, ізденгіштігі, сауаттылығы, жазу стилі осы жерде байқалады. Бұл, әсіресе, кіріспе және қорытынды бөлімде айқын көрінуі тиіс. Шығарманың кіріспе бөлімі мен қорытынды бөлімінің көлемін қосқанда, негізгі бөлімнің көлемін беретіндей болу керек. Көбінесе, кіріспе бөлім мен қорытынды бөлім өте қысқа жазылады, үш-төрт сөйлемнен тұрады, бұл да дұрыс емес. Шығармаға да екі баға қойылады: алғашқысы – мазмұны мен көркемдік сапасы, тіл шұрайлылығы үшін, екіншісі – грамматикалық сауаттылығына. Шығарма 3-4 күн ішінде тексеріліп, сынып журналына қойылады. Қазір ҰБТ-ға байланысты шығармаға онша көңіл аударылмайтын болды. Бұдан оқушының сөз байлығы молаймайтыны, тілі дамымайтыны анық..

Осы жерде тағы бір айта кететін жайт: баспасөз беттерінде қателер өте көп кездеседі. Оқушы соны көріп, солай жазады. Мысалы, «5-сынып» дегенді 5-інші сынып» деп жазып жіберетін басылымдар бар, біріздділік жоқ. Газет-журналдардың корректорлары орфографиялық сөздікке сүйеніп жұмыс жасаса, дұрыс болар еді,оқушы қателікке ұрынбас еді.

Жалпы, жазба жұмыстарының жыл бойғы алыну мөлшері, белгіленген сөз саны, бағалау өлшемдері бар. Одан еш ауытқымау керек.

**Жанар ТІЛЕУҚАБЫЛҚЫЗЫ,**
**Құрманғазы атындағы**
**жалпы орта мектебінің**
**қазақ тілі мен әдебиеті**
**пәнінің мұғалімі.**
Оңтүстік Қазақстан облысы,
Созақ ауданы,
Ыбырай ауылы.

# СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев жолдауында айтқандай: **«Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім».** Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әр түрлі технологиялары сарапта-лып, жаңашыл педагогтардың іс-тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде. Жаңа технологияны меңгеруде мұғалімнің жан-жақты білімі қажет.

**Қазіргі мұғалім:**

- Педагогикалық үрдісте жүйелі жұмыс жүргізе алатын;
- Педагогикалық өзгерістерге тез төселетін;

- Жаңаша ойлау жүйесін меңгере алатын;
- Оқушылармен ортақ тіл табыса алатын;
- Білімді, іскер, шебер болуы керек.

Жаңа педагогикалық технологияның ерекшеліктері – өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан-жақты дамыту. Инновациялық білімді дамыту, өзгеріс енгізу, жаңа педагогикалық идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу. Бұрынғы оқушы тек тыңдаушы, орындаушы болса, ал қазіргі оқушы – өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән беруіміз керек.

**Қазіргі оқушы:**

- Дүниетаным қабілеті жоғары;
- Дарынды, өнерпаз;
- Іздемпаз, талапты;
- Өз алдына мақсат қоя білуі керек.

Осындай тұлғаны дамыту үшін оқытудың жаңа технологиясы қажет. Оқыту үрдісінде осындай әдістерді пайдалану мұғалімнің өзінің шеберлігіне қарай жүзеге асады.

Қазіргі білім беру саласында оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу  мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интелектуалды, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үлгісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

**XX ғасырдың басында Ж.Аймауытов: «Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер» деген екен.**

Оқыту барысында өз сабақтарымда қолданып жүрген технологиялар ішіндегі «Сын тұрғысынан ойлау технологиясы» стратегиялары Қазақ тілі мен әдебиеті пәніне арнап құрастырылған десем, артық айтқаным болмас. Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқу мен жазуды дамыту технологиясын сабақ үстінде оқушыға мынандай мүмкіндіктер беретінін анықтадым:

- мұғалімге тәуелділіктен арылып, өзінің білім беру қызметін өздері басқаруға;
- білім мәдениеттілігі мен маңыздылығын түсініп, қажетті іс-әрекетті белсене және өз бетінше орындауға;
- жеке ерекшелігі мен қабілетіне сай тапсырмаларды өзі таңдап, іздеп тауып, белсене орындауға;
- білім мен мәдени құндылықтарды игеру ісін топтасып және ұжымдасып мұғалім көмегінсіз атқаруы;
- құр мәлімет алумен шектелмей, сабақ барысында өз пікірін ашық айтып, сұхбат жүргізуге;
- ой-өрісі ғана емес, рухани және әлеуметтік жағынан өздерін- өздері дамытып, тәрбиелеуге.

Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасында 100-ге жуық стратегиялар бар. Қазіргі кезде мен қолданып жүрген стратегиялар Венн диаграммасы, семантикалық карта, 5 жолды өлең сратегиясы, эссе, ойқозғау, инсерт, ұқсастық пен даралық, кубизм, кластер, білемін, білгім келеді, білдім, т.б.

«Сын тұрғысынан ойлау» сабақтарының алғашқы бөлігі міндетті түрде қызығушылықты оятуға арналады /сұрақ қою/, екінші «мағынаны тану»

кезеңінде / жауаптар іздеу, мәселені зерттеу /мәтінді жан- жақты және әр тұрғыдан талдау жұмысы жүреді.

Үшінші, білім «ойтолғаныс» арқылы жалпылама жүйеленеді/ ойлау үрдісінің ең жоғарғы сатысында мәселені талқылау/. Яғни, мұғалім оқушыларын ойлауға тұрақты түрде үйретеді.

«Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасы сабақта үнемі қолдану барысында, бұрын сәтсіздіктен қашып, оқуға талаптанбайтын, ғылымның маңызын төмен санап, білімнің қажетін ескермейтін, құнды ақпараттарды енжар қабылдайтын оқушылар, әсіресе, үлгерімі орташа деңгейдегі оқушылардың сабаққа ынтасы өзгерді. Ал үздіктер мен оқу екпінділерінің көпшілігі не жазаланбау үшін, не мадақтау үшін, не өзгелерден жоғарырақ болу үшін оқып келсе, енді қызықты ақпараттарды өз бетінше іздеп тауып, өзгерлермен ой бөлісуге асығатын болды. Мұның бәрі – олардың табысқа жиі жетіп, өз күшіне сенуінің арқасында болып жатқан өзгерістер.

«Маған айтып берсең – ұмытып қалармын, көрсетіп берсең – есте сақтармын, өзіме жасатсаң – үйреніп алармын» деген шығыс нақылын сабақ жоспарлау кезінде есте ұстаған жөн. Осы технологиямен өткізілген сабақ үлгілерін ұсынып отырмын.

Венн диаграммасына мысал.

5-сыныпта Ғ.Мүсіреповтың «Қазақ солдаты» романынан үзінді «Жаңа достар» әңгімесін қорытындылағанда пайдаланған көрнекілік:

**Қайрош:**
Аңқау;
Қаланы көргісі келеді;
Оқымаған;
Орысша білмейді;
Білім алғысы келеді;
Адал, өтірік айтпайды;
Уәдеге берік;
Анасы бар.

**Шеген:**
Қала өміріне;
бейімделген, пысық;
Өнерлі;
Қазақша, орысшаға
судай;
Білімі бар;
Балалар үйін
қаламайды;
Ата-анасы жоқ.

Семантикалық карта стратегиясына мысал.

8-сыныпта Салалас құрмалас сөйлемдерді қайталау сабағында қолданылған көрнекілік:

| | Салаластың түрлері | Сілтеу есімдіктері мен сілтеу мәнді сөздер арқылы жасалатын | Жалғаулықсыз келгенде жай сөйлемдерінің арасына «,- қойылатын салалас түрі | Соңғысы алдыңғысының себебін білдіретін салаластың түрі | Яки,я болмаса жалғаулығы | Жай сөйлемдері бір мезгілде қатар болған істі білдіретін | Құрамындағы жай сөйлемдер кезектес мәнді жалғаулық шылаулар арқылы байланысады |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Ыңғайлас | | | | | + | |
| 2 | Себеп салдар | | | + | | | |
| 3 | Қарсылықты | | + | | | | |
| 4 | Талғаулы | | | | + | | |
| 5 | Кезектес | | | | | | + |
| 6 | Түсіндірмелі | + | | | | | |

5 жолды өлең стратегиясын сөйлем мүшелерін өткенде қолдану:

1. Кім? Бастауыш
2. Нені ? Толықтауыш
3. Қалай ? Пысықтауыш
4. Не істеді? Баяндауыш
5. Идеясы 4 сөзден тұратын бір сөйлем

Мысалы: Нұрғали сабақты ұзақ айтты.

Кластерлер.

9-сыныпта Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығын өткенде қолданған кластер:



Қазіргі оқытудың талабына сай компьютерлі технологияны пайдаланып,

**Мұғалімнің қол жеткен жетістіктері:**

***- Оқушы қызығушылығы артты;***

***- Бей-жай отырған оқушы жоқ, бәрі топтық, ұжымдық ісәрекетте;***

***- Тіл байлығы артып, ойлау қабілеті дамыды;***

***- Дүниетанымдық көзқарасты қалыптастырады;***

***- Бір-бірін сыйлауға, құрметтеуге үйренеді;***

***- Топ алдына шығып, еркін өз ойын айтуға дағдыландырады.***

***Сабақтың тақырыбы: А.Құнанбайұлы. «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы.»***

***Мақсаты: білімділік*** – оқушылардың Абай жайлы білімдерін кеңейту. Абай шығармашылығын қалай меңгергендігін тексеру, Өлең оқу мәнерлерін жетілдіру. Өлеңге талдау жасату; ***тәрбиелік*** – Абайдың нақыл сөздерін оқушы бойына сіңірту. Ұлы Абайға деген қызығушылығын ояту. Абай мұрасына терең үңілуге тәрбиелеу; ***дамытушылық*** – оқушының ойын еркін жеткізу, шешен сөйлеу арқылы шығармашылық қабілеттерін, ой-өрісін дамыту.

***Түрі:*** шығармашылық сабақ.

***Әдісі:*** сұрақтар, оқыту арқылы ізденіс жұмысын жүргізу. Қосымша білім көздерін насихаттау арқылы өздігінен білім алуға баулу.

***Пәнаралық байланысы:*** ән-күй, тарих, география.

***Сабақтың жабдығы:*** Абай портреті, Қазақстан картасы, Абай шығармалары тізбесі, «Тұңғиықтан маржан теру» сұрақтары ұйымдастырылған слайдтар, интерактивті тақта, қашықтан оқыту, үнтаспа, тірек сызба, өлең тақырыбын табуға арналған плакат.

***Сабақтың барысы.***

1. Топтастыру стратегиясы;
2. Қызығушылықты ояту. «Тұңғиықтан маржан теру» тақырыптық сұрақтары;
3. Абай өмірбаяны;
4. Жидебай ауылындағы “Абай мұражайына” саяхат;
5. Мағынаны тану. Өтілетін өлең тақырыбын табу;
6. Абай өлеңдерінің жазылуы жайлы түсінік беру;
7. «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңін бейнедыбыстан тыңдату, мағынасын ашу;
8. Кім жылдам? Өлеңді құрылысына қарай талдау;
9. Абайға арнау. Оқушылар шығармашылығы;
10. Сабақты қорытындылау. «INSERT» стратегиясы бойынша жұмыс;
11. Сазды үзіліс. «Көзімнің қарасы әні»;
12. Бағалау;
13. Үйге тапсырма беру.

Оқушыларға үйге тапсырмаға Абай Құнанбайұлы жайында ізденіп келу берілген. Сол бойынша түрлі тәсілдермен олардың сабаққа дайындығын тексеру.

1. Топтастыру стратегиясы.

Интерактивті тақтада оқушылар тірек сызбамен жұмыс жасайды.




**II. Қызғушылықты ояту.** «Тұңғиықтан маржан теру». Бұл жерде берілген сұрақтарға жауап беру арқылы су түбінен бір-бірлеп маржан теруге болады.

1. Абайдың шын есімі қалай аталады? Жауап: Ибрахим.

2. Абайдың «Телғара» аталу себебі неде? Жауап: Абайдың анасы Ұлжан мен Құнанбайдың үшінші әйелі Айғыз бір ауылда отырып, Абай осы екі шешенің ортасында жүріп, күнге әбден күйеді, сол себептен оған жеңгелері «Телғара» деген ат қояды, кейін ел Абайды «Телғара» деп атап кетеді.

3. Абайдың орыс досының аты кім? (Михаэлис).

4. Абайдың руы (тобықты).

5. Абайдың 3 поэмасын ата? («Масғұт», «Ескендір», «Әзім»).

6. Абайдың табиғаттың төрт мезгіліне арнаған өлеңдерін ата? Біреуін жатқа айт («Қыс», «Жаз», «Жазғытұрым», «Күз»).

7. Абайдың қарасөзінің саны қанша? Біреуін айта аласың ба? (45).

8. Абай қандай орыс жазушыларының шығармаларын аударған? (Пушкин, Лермонтов, Крылов).

9. Абайдың жеті атасын ата?

1. Құнанбай.
2. Өскембай.
3. Ырғызбай.
4. Сары.
5. Сүйірбас.
6. Мұсабай.
7. Рыспетек.

10. Абайдың қандай әндері бар?

«Сегіз аяқ», «Бойы бұлған», «Қор болды жаным», «Көзімнің қарасы», «Желсіз түнде – жарық-ай», т.б.

11. Абайға алғаш хат таныткан молданың аты. Ғабитхан.

12. Абай ел билеу ісіне неше жасынан араласа бастады? 13 жасынан.

**III. Өмірбаянымен таныстыру.**

Абайдың өмірбаянын үй тапсырмасы бойынша даярланып келген оқушы айтады. Абайдың туып

өскен жері Шығыс Қазақстан, Семей өңірі картадан көрсетіледі.

Өмірбаян айтылып болғаннан кейін интерактивті тақтадан қашықтан оқыту жүйесі бойынша Абайдың туып өскен жері – Семей өлкесі, Жидебай ауылындағы Абай мұражайы көрсетіледі.

**IV. Ойқозғау.** Өтілетін өлең тақырыбын табу

**Мұғалім:** - Мына бұтақта жемістердің орыны ауысқан. Егер жемістерді өз орынына дұрыс қойсақ, бүгінгі өтілетін өлең тақырыбы шығады. Оқушылар бұтақтағы жемістердің орынын ауыстыру арқылы бүгінгі өтілетін өлең тақырыбын табады.

**V. Абай өлеңдерінің жазылуы жайлы түсінік беру.**

- Ұлы Абай, балалар, өлең жазуды өздеріндей бала күнінде, яғни, 1855 жылдан бастапты. Бірақ ол жазған өлеңдеріне көңілі толмағандықтан, олардың барлығын досы Көкбайдың атынан жазып жүріпті.

1886 жылға шейін Абай әрбір өлеңдерін Көкбай өлеңдері деп, сол кездегі «Дала уалаяты» мен «Серке» газетіне жіберіп отырған.

1986 жылдың жазында Абай ауылы Семей өңіріндегі Бақанас өзені бойында қонып жатқанда, ақын Көкбайға мына көшіп жатқан ауылды, осы суретті өлең қыл дейді. Көкбай біраз өлең жазған екен, оны Абай оқып жақтырмайды да, өзі жазбақшы болады. Сол кезде оның «Жаз», яғни, «Жазды күн шілде болғанда» өлеңі туады. Сонда алғаш рет өз өлеңіне риза болған ақын Көкбайға қалжыңдап: «Сен соғымыңа бір ту бие ал, мен енді өлеңімді өзім алайын» дейді.

1886 жылдан бастап Абай нағыз ақындық жолға бет бұрады. 1887 жылғы жазған өлеңдерінің ең бір салымды жыры – «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы». Бұл – поэзия жанрында бұрыннан бейім қазақтың осы өнері жайында ерекше айтылған өзгеше өрім.

**VI.** “Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңін бейнедыбыстан тыңдату.

- Сендердің кітаптарыңда өлең қысқартылып алынған, яғни, 3,4 мына шумақтар алынып тасталған:

Әуелі аят, хәдис – сөздің басы,
Қосарлы бәйітмысал келді арасы.
Қисынымен қызықты болмаса сөз,
Неге айтсын пайғамбар мен оны алласы.

Мешіттің құтба оқыған ғұламасы,
Мүнәжәт уәлилердің зар наласы.
Бір сөзін бір сөзіне қиыстырар,
Әрбірі келгенінше өз шамасы.

Өлеңдегі түсініксіз сөздердің мағынасын айтып кету:

1. Аят (арабша) – құран сөзі;
2. Хәдис (арабша) – Мұхаммед пайғамбардың сөзі;
3. Бәйіт (арабша) – өлең. «Бәйітмысал» - мысал өлең;
4. Құтпа, хотбә (арабша) – уағыз оқу мағынасында;
5. Мүнәжәт, монежат (арабша) – Аллаға жалбарыну, мақтау сөз айту;

6. Уәли (арабша) – әулие, пайғамбар деген сөз, негізінен өлең 15 шумақтан тұрады.

Оқушыларға оқыттырып, мағынасын ашу.

Бұл жерде ақын өлеңді сөздің патшасына теңеп, оны қиыстыру үлкен өнер екенін айтады. Ал оны қорлап, не болса соны айтатын ақындарды білімсіз бишара деп отыр. Осы өлеңді ұғынбайтын, өзінің пайдасы үшін біреуді мақтап, біреуді алдап жүрген ақындарды қайыршыға теңеп отырған жоқ па?

Абайдың «Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел» деуінің мәнісін қалай түсінесіңдер?

| Мен үшін түсінікті | Менің білетініме сай келмейді немесе өзгеше | Жаңа ақпарат | Мені таң қалдырды немесе түсініксіз |
|---|---|---|---|
| | | | |

**VII. Кім жылдам?**

Дәптерге өлеңді құрылысына қарай талдату:

/Өлең – // сөздің патшасы, // сөз сарасы,/

/Қиыннан// қиыстырар // ер данасы./

/Тілге жеңіл,// жүрекке// жылы тиіп,/

/Теп-тегіс,// жұмыр келсін// айналасы./

Бұл – 1 шумақ, 4 тармақты, 3 бунақты, 11 буынды өлең.

**VIII. Абайға арнау – оқушылар шығармашылығы.**

Оқушылар Абайға арнап келген өз шығармашылығын оқиды.

**IX. ИНСЕРТ-** «Түртіп алу» немесе «INSERT» стратегиясы бойынша жұмыс жасайды. Оқушыларға жеке-жеке таратылып беріледі.

**X. Сабақты қорыту.** Оқушылар хормен Абайдың «Көзімнің қарасы» әнін айтады.

**XI. Оқушыларды бағалау.** Сабақтың басында оқушылар әрбір сұраққа жауап бергенде әріптері бар фишкалар алып отырады. Жинаған фишкалардың санын біліп, ең көп жинаған оқушыларға «бес», одан кейінгілерге «төрт» ,одан төмен жинағанға «үш» деген баға қойылады.

**XII. Үйге тапсырма:** Абай жайлы қанша ізденсек те көптік етпейді, сондықтан Абай туралы эссе жазып келу. Өтілген өлеңнің өздеріңе ұнаған шумақтарын жаттап келу.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

